

ТҮЙТКІЛ

ҚОРҒАНЫС ӨНЕРКӘСІБІНЕ ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ



ТҮРІ – ҰЛТТЫҚ, ТІЛІ – КЕҢЕСТІК ӘСКЕР

Кенестер Одағы кезінде түрі – ұлттық, мазмұны – социалистік әдебиет деген ұғым болды. Осы қалыпқа салсақ, біздің армия түрі – ұлттық, мазмұны *(дәлірек айтсақ, тілі)* – кеңестік әскер болып шығады. Енді осыған дәлел келтіріп көрелік.

Біріншіден, біздегі әскери инфрақұрылым, қару-жарақ пен техниканың дені кеңестік дәуірден мұра болып қалған дүниелер.

Екіншіден, жоғары басшылық құрам – қорғаныс министрінен бастап, оның орынбасарлары, әскер тектері

мен түрлері қолбасшыларының басым көпшілігі Ресей Федерациясы Бас штабының академиясын бітіргендер. Олардың көбі ана тілінде емін-еркін, көсіліп сөйлей алмайды.

Үшіншіден, бізде саптық әмірлер ғана қазақ тілінде беріледі. Ал қалған кезде барлық деңгейдегі түрлі оқу-жаттығулар, селекторлық жиындар, әскери алкалар түгел дерлік көрші мемлекеттің тілінде жүреді. Құжат айналымында мемлекеттік тіл калықа-аударма ретінде негізгі емес, қосалқы рөл атқарады.

(Жалғасы 3-бетте)

БЕЗБЕН

НОРАҒА НЕГЕ НАРАУ ҚАРАДЫҚ?

Осыдан төрт жыл бұрын қазақ жеріне Кениядан келген жеңіл атлет Нора Джеруто АҚШ-та өткен әлем чемпионатында 3000 метрге кедергі бағандар арқылы жүгіруде әлем чемпионы атанды.

Қош, Нораның жеңісіне жұрттың көбі жеңіс асын жегендей желпіне қойған жоқ. «Қара маржанның» қазақ даласында тұмағаны, жат елден келгені көкейде тұрғандықтан да шығар.

Кенияның келіншектерінің алтын құрсағына тек желаяқтар бітетіндей. Жазғы Олимпиада ойындары болсын, әлем чемпионаты, әлемдік деңгейдегі лигалардың қорытындысын қарасаңыз, кениялық чемпиондардың жетістігі көзіңді қариды.



2017 жылы Нора Джеруто бастаған үш қыз Қазақстаннан шақырту алды. Дэйзи Джепкимэй, Каролин Кипкируи және осы Нора Джеруто ат арытып елімізге келді. Шығыс Қазақстан облысының әкімі лауазымына қоса, Қазақстан жеңіл атлетика федерациясының президенті

қызметін атқаратын Даниал Ахметов 2018 жылы осы қызметі қолына тиісімен Altay Athletics деп аталатын жеңіл атлетикамен кәсіби түрде шұғылданушылар клубын құрды.

(Жалғасы 3-бетте)

СҮЙІНШІ!

ҰЛАНДАР ҚҰРҚОЛ ҚАЙТПАДЫ



Италияның Рим қаласында еркін күрестен 17 жасқа дейінгі (U17) бозбалалар арасында әлем чемпионы атанып, мәресіне жетті. Қазақ елінің қос ұланы Дарын Әскербек (55 кг) және Камилъ Куруғлиев (92 кг) әлем чемпионы атанып, әнұранымызды шығартты. Балуандарды толайым табыс, орасан жеңісімен құттықтаймыз!



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
100,17

DOLLAR
476

EURO
484

РУБЛЬ
7,3

ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ

Аты енді аңызға айнала бастаған ардақты адамдар жайында көп айтып, көп жазудың арқауы ақиқат ауылынан алыстамай, адал сөз, шынайы оймен шендесуінің мәні зор. Сыр сандықтарында талай ұрпақ ой таразысында ой қосып, зерделейтін заман тағлымы аз болмайды. Халық жазушысы Шераға, Шерхан Мұртазаның Жаратқан ием берген жасын жасап, бар өмірінде тұтас елдің құрметтісі болып, әр қазақтың жүрегінен орын алған ғұмырының көп қыры қарапайым ақиқаттан нәр алып, одан әрі ұласып, ұрпақ ұдайы айта жүретін аңызға айналғаны рас.

ШЕРАҒА ҚАДІР ТҰТҚАН ІРІ ТҰЛҒАЛАР



Мінез болмысы нағыз қазақтың намысқа қайраулы қылышындай, өжеттілігі соқтықпалы соқпақтарда өміршен, өресі биік, ұлтжанды, мемлекетшіл қайраткер және мейірімді жанды халқымыз шексіз жақсы көрді. Айбын көріп, арқа сүйелі. Қоғам елдік мұратқа қаныққан күрескерлігін кастерлеп, мактан етті. Мемлекетшіл тұлға айнымас асыл сөздерімен, қуатты үнімен, табанды тірлігімен ел бірлігіне, ұлт мүддесіне қорған болып, ағалық ақыл-ойымен, ерен отты қабілет, турашыл жанашырлығымен егемен Қазақстанның рухани жағынан еңсе түзеп, тік тұруына толайым үлес қосты. Шераға қай кезеңде де шындыққа қасқайып қарайтын қайсар адам, қазақ баспасөзінің бас сардары, қазақ журналистикасы мен мәдениет кеңістігінің арғы-бергі тарихында теңдессіз бас редакторы болу тарихын жасады. Ар-намысқа бас тіккен, нені болсын тереңінен толғап, кесіп айтар Парламенттің дара депутаты қызметінде тым биікке көтеріліп кетті. Арыстан жүректі қасиетімен, таза пейілімен халық жүрген жолмен жүрді. Абыз дәрежесіне жеткен Шераға да жақсылар алдында шәкірт болған. Жолын ашып, иық тірестіріп, қамқор болған ағалары мен талантты үзенгілестерін аялап өткені анық. Өзі өмірде артықшылығын бағалап, сыйлап өткен көптеген асыл жандардың қаламгерлік ерлігі мен зиялылық еңбектері туралы жалықпай, төгілтіп, толғап жазған эсселерін көп томдық жинағынан молынан табуға болады. Әдебиет майданының марғасқалары мен өз шығармашылығындағы кейіпкерлеріне сүйіспеншілік көңіл-күйі тасып жатады. Былайғы жұрт аңғара бермейтін құбылысты сәттерге Шераға көзімен қарап, айқара ашып айтудың құны аса салмақты. Анау-мынауға бас ауыртпайтын, ешкімге ықпайтын, аузы дуалы қаламгер сөзі дөп басады. Дерек-дәйегі мол дүниелер. Сонысымен де қызықты әрі құнды. Мысалы, Шераға шығармашылығында шоқтығы биік «Қызыл жебе» бес томдық романының жазылу тарихын айтқанда, кесек мінезді, рухы күшті, зерделі қазақ Рахмалы Байжарасов есімін көшелі сұхбаттары мен ойлы естеліктерінде жылы леппен, ыстық пейілмен және қимастықпен жиі ауызға алады. Бұл кісі кім? Асыл текті жанды білеміз бе? Шераға бұл адам жайында өз кітабында былайша еске алып, жазды: «Телестудияның тілшісі Бақтыбай Айнабеков деген жігіт телефон соқты. — Аға, Тұрар Рысқұлов туралы жарты сағаттық хабар ұйымдастырсам ба деп едім. Бұл телебасшылардың ұйғарымы. Соған сіз өзіңіз және Түрекенді білетін кісілер қатысса... Түрекенді білетін кісілерді сіз білесіз ғой. Өзіңіз айтсаңыз. Бұл 1984 жылдың желтоқсаны еді. Хабарға өзін қатысуын қатысармын-ау. Білгенімді айтып бағармын-ау, ал Рысқұловты көрген, білген адамды қайдан табамын? Рысқұловты көрген киын-қыстау заманның өзінде қызғыштай қорғаған бір азамат бар еді, о да дүниеден өтіп кетті. Қарт журналист Рахмалы Байжарасов еді. 1937 жылы «халық жауы» болып ұсталып, 1955 жылы босанып еді. 1960 жылы «Социалистік Қазақстан» газетіне «Тұрар Рысқұлов» атты көлемді мақала жазып еді. Жазбақ тұрмақ, атын сыбырлап айтуға бата алмаған кез болатын. Ал Рахмалы сол соншалықты «қорқынышты» есімді қорғап, ақтап жазды. Оған бас редактор Қасым Шәріпов қол қойып, жарыққа шығарды. Сөйтіп Тұрар Рысқұлов қайта тіріліп келгендей болады. Адамдар бір-бірінен сүйінші сұрап, қуанып қалады. Бірақ бұл қуаныш ұзаққа бармады. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Нұрымбек Жәнділдин қаһарына қатты мінеді. Оның тапсырмасымен Рысқұлов туралы қайтадан редакциялық мақала жазылады. Бұл мақалада Тұрар Рысқұлов «буржуазиялық ұлтшыл», «ұлтшыл уклонист», «панторкист» болып айтылып, қайтадан қапасқа құлайды. Бас редактор Қасым Шәріпов қызметінен босатылады. Оның орынбасары Әлім Тұяқбаев та «рысқұловщина» ретінде орнынан түседі. «Ау, бұл қалай?» деп ешкім үн шығара алмады. Жалғыз Рахмалы Байжарасов аяусыз күреске бел байлады. КПСС Орталық Комитетінен комиссия шығаруды талап етіп, хат жазады. Нұрымбек Жәнділдинге кіріп, айтысқа түседі. Ақыры Жәнділдин: — Сендерді 1937 ұстауын дұрыс ұстаған, ал 1955 жылы босатуын дұрыс босатпаған, — деп салады. Мұндай қорлыққа шыдамаған Байжарасов астындағы орындығын алып Жәнділдинге тұра ұмтылады. Абырой болғанда, Жәнділдиннің көмекшісі дер кезінде кіріп келіп, хатшы аман қалады. Бірақ содан инфарктке ұшыраған Рахмалы Байжарасов көп ұзамай ауруханада кіжініп жатып көз жұмады. Тұрар Рысқұловтың көзін көрген, ол туралы теледидардан сөз айта алатын енді кім бар?

(Жалғасы 7-бетте)

БИЛІК

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы халыққа теңдей қызмет етуді қамти отырып, тұрғын-үй коммуналдық, көліктік-логистика инфрақұрылымын кешенді түрде дамытуды көздейді. «Нұрлы жер», «Нұрлы жол» және «Өңірлерді дамыту» мемлекеттік бағдарламаларын біріктірген бұл жобада аймақтардың әлеуетін арттыруға арналған 10 басым бағыт белгіленген. Бүгінде оның іске асырылуы барысы қалай?

Бұл жайында Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында сөз етілді.

республикалық бюджет — 1,1 трлн тенге. Бұл соманың 1,4 трлн тенгесі немесе 93 пайызы игерілді. 2022 жылы ұлттық жобаны іске асыруға 1,8 трлн тенге, оның ішінде бюджеттен тыс 709 млрд тенге қарастырылған. Оның үлесі шамамен 40 пайызға өсті. Бұл ретте биылғы 1 тамызға шаққанда 528 млрд тенге немесе 30 пайызы игерілді», — деді Ә.Қуантыров.

Өткен жылы Ұлттық жобаны іске асырудың нәтижесі мынадай:

- тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз ету көрсеткіші 90 пайызға жетті;
- моно және шағын калаларда инженерлік және көлік инфрақұрылымының тозуы 57,6-тен 45,5 пайызға дейін төмендеді;
- 17,1 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді;

және т.б. Биылғы көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатында Ұлттық жобаны іске асыру әрмен қарай жалғасуда», — делі министр. Мәселен, 576 ауылда жобаларды іске асыруға, моно және шағын калалардың инфрақұрылымын дамытуға және жас мамандарға тұрғын үй сатып алуға қаржы бөлінді.

Премьер-Министр өз сөзінде «Қуатты өңірлер — ел дамуының драйвері» ұлттық жобасының негізгі көрсеткіштерін атады. Ұлттық жобаны іске асыру елді мекендердегі инфрақұрылымның жай-күйін жақсартты. «Ауыл — ел бесігі» жобасы бойынша 480 тірек ауылдар мен серіктес ауылдар жаңғыртылды. Тұрғын үй құрылысына 2,4 трлн тенге инвестиция тартылды. Жұмыс істейтін жастарға, халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарына, көпбалалы отбасыларға арналған тұрғын үй құрылысы жүріп жатыр.

Үкімет басшысының айтуынша, қабылданатын шараларды жоспарлы түрде іске асыру қалыптас күйдегі республикалық маңызы бар жолдар үлесін 90 пайызға және жергілікті маңызы

Әлеумет.т⁰

ПАЙ, ПАЙ...
ҚАЗАҚТЫҢ
ЕСІМДЕРІ-АЙ?!

Түс әлеті. Әріптесім белгілі журналист-жазушы Сапарбай Парманкүл екеуіміз Арбаттың жайлы жеріндегі үйенкінің көлеңкесінде отырғанбыз. Қасымыздан өткен бозбала, кілт бұрылып, екі қолын бірдей ұмсына ұсынып «Ассалаумаулейкүм, Сапарбай аға!..» деп сәлем берді. Жыға танымаған «ағасы» жеткіншектің өніне үніле қарағанда әлгі жас өскін: «Аға, мен Шәмші Қалдаяқовпын ғой!» деді. Біздің Сапекең де саспады: «Ә, балам, аманың ба? — деп асықпай амандық-саулық сұрасқан соң, — әкене сәлем айт!» деп қоштасты. Міне, қызық... Қазаққа белгілі композитор Қалдыбек Құрманәлінің ұлының есімі — Шәмшіқалдаяқов екенін мен білмейді екем!.. «Қалдекең досымның Бекзатсаттарханов деген тағы бір ұлы бар» деді Сапекең қаперсіз ғана қымыпп.

Дарынды сазгердің балаға ат қоюдағы «жанашылдығын» кезінде әркім әр түрлі қабылдаған да шығар-ау?! Оның бер жағында қазақтың БиллКлинтон, Елка, НұрАбиНаз, Саммитхан атаулары әуелде құлағымызға түрпідей тиген, кейін үйреніп алдық. Енді осы орайда «Жана туған сәбиге ат қою үрлісінде қазақтың алдына түскен жан жоқ-ау» десек және кателеседі екенбіз. Әңгімені әріректертен қозғасак, мәселенки, аузын айға білеген Америка Құрама Штаттары елі де айрықшалап ат қоюда алдыңғы шепте жүр. Ұлдарына — Чарос (аласапыран немесе астан-кестен, опыр-топыр, бейберекеттік...), Zerrpelin (дирижабльдің соңғы моделі), ал қыздарына — Goddess (Құдай қыз), Sway (бөксесі былықыдап жүреді) деп ат қойған америкалық ата-аналар бірен-саран емес, демек олардың да бір білгені бар шығар. Көк аспанның киттей кемесі осы дирижабльден шығады: әйгілі әскери сынақшы-ұшқыш — тұңғыш қазақ ғарышкері Токтар Әубәкіровтың Авиард Гаврилович Фастовец есімді мәскеулік досы болған — ол да Кеңес Одағының Батыры, еңбегі сіңген сынақшы-ұшқыш. «Авиард деген нендей ұғымды білдіреді?» деп сұрадым бірде Токтар Оңғарбайұлынан. «1937 жылы ол туғанда авиациялық реактивті двигатель пайда бола бастаған. Сәбилің әкесі әскери ұшқыш Гаврил Фастовец, маңызды оқиғаны ырымдап, тұңғышына осы ат лайық деп тапқан» деген-ді сонда Халық қаһарманы.

Изаида есімді бойжеткенмен бір мекемеде қызмет еттік. Оның есімі де аббревиатура — «Иди за Ильичем, детка» деген орысша қысқарған сөздерден құралатынын мұнда білдім. Егер «ой жетіп» аяқ астынан тәржімалап жіберсек, қазақша баламасы — Артық би немесе Ақбалаби («Артынан қалма, балақай, Илйичтің!») болатын шығар, бәлкім?! Өткен ғасырдың 80-ші жылдарында Алматы қаласындағы Фрунзе (Медвед) аудандық партия комитетінің Вилтан Сағымбаев есімді бірінші хатшысы болды. «Владимир Ильич Ленин — Таң Нұрындай!» Ал енді осы орыс тілі мен қазақ тілі «ағайындығының» кейде адам аттарының көпе-көрінеу бұрмалануына әкеліп соқтыратынына да күміз. Айтайын... Көп жыл көрші тұрған жаны жайсаң, жүректері кіршіксіз педагогтар отбасының Жанар және Қамар есімді екі қызы көз алдымызда шашын тарап жүріп бой жетті. Кірікті қыздардың екіншісі универді бітіріп, мектепке мұғалім болып келген жылы есімін өзгертті — Элеонора! Не себеп?! Сабақтан тыс мезгілде оқушылар біздің Қамар сұлуымызды «Комар-пискун» деп келекелейді екен. Содан... ол ызындап маза бермейтін, ауру тарататын Маса атауынан оп-онай құтылған! Орыс тілді қызымыз өзінің нағыз қазақ сұлуының есімін иеленіп жүргенін, өкінішке қарай, ұғына алмаған. XX ғасырдың басында ескілікке қарсы үн көтерген Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» шығармасының бас кейіпкері — қас сұлуымыз, жастарды асқақ қиял, зор талапқа бастайтын лирикасы — осылайша ХХІ ғасырда тіл арасындағы түсініспеушіліктің құрбанына айналды. Бельгияда қызының қолында тұратын тағы бір танысым Алматыға келгенде мұның шакты... Қайынатасының ерін-емеуірінін сезген украин күйеу бала «Саған да жоқ, маған да жоқ» дегендей бірінші жиен-немеренің атын Кэмэрон (ағылш. — құстың аты) қойыпты. Екінші қыз туғанда «Атын Қарлығаш қойындаршы, тілдерің келмесе Карло, Карла... дерсіндер» деп қиялғанымды күйеу балам мен қызым құлағына ілмеді. Қазақша естісе, кірпідей жиырылады» дейді. Айдалада отырып, менің жүрегім ауырды.

...Азғантай ғана журналистік ұжымның үлкен-кішісі Арманның (Октябрь) жана туған сәбиінің жай-күйін күн сайын сұрап, мәре-сәре болар ек. Ата-салтымыздан жұғысқан жаксы қасиет қой!.. Сәбидің аты — Айсана! Әдеби орта емес пе, Айсана дегенде әріптестерімнің бәрінің көмейінде бейне Қасым ақынның «Табриз — Баку аспанында күн Сана, Күміс Каспий жағасында гүл Сана, Жүрегімен жүрегімді бір сана, Айтарым көп, айтқызбай-ақ біл Сана» деген жыр жолдары күмбірлеп келіп құйылып тұратындай көрінеді! Қандай әдемі атау, аяулы есім еді десенізші — Айсана! Айдана, Айбала, Айзере... Айбол, Айдын, Айбын, Айбар, Айсері... Бұл өзіміздің қазақша «А» әрпінен басталатын үл мен қыз есімдерінің бір парасы ғана! Қаранызшы, керемет емес пе?! Тандауыңыз білсін, кез келгені жана туған сәбиге лайық! Қазақтың алфавиті «А» әрпімен бітпейді ғой! Тандаңыз, сараланыз, сабыр сақтаныз... Пай-пай, қазақтың есімдері-ай!..

Талғат СҮЙІНБАЙ

ҚУАТТЫ ӨҢІР – БАҚУАТТЫ ӨМІР



Жиында баяндама жасаған ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров Ұлттық жобаның мақсаты — тұрғындардың базалық қызметтерге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету, тұрғын үй-коммуналдық жағдайды әрі көлік байланысын жақсарту, сондай-ақ елдің транзиттік әлеуетін және халықтың мобильділігін арттыру екенін атап өтті.

Министрдің айтуынша, ұлттық жоба екі бағыт бойынша жүзеге асырылып жатыр. Олар — «Базалық қызметтерге тең қолжетімділік» және «Көлік байланысын қамтамасыз ету» (4 міндет, 20 көрсеткіш және 96 іс-шара айқындалған).

«Ұлттық жобаның 2021 жылға арналған іс-шаралары жалпы 1,5 трлн тенгеге қаржыландырылды. Оның ішінде

— нормативтік күйдегі республикалық маңызы бар жолдардың үлесі 90 пайызға дейін, ал жергілікті маңызы бар жолдардың үлесі 80 пайызға дейін өсті; — 112 мыңға жуық тұрақты және уақытша жұмыс орындары құрылды.

«Бұл ретте 2021 жылға жоспарланған 20 көрсеткіштің төртеуі орындалған жоқ: тұрғын үйді пайдалануға беру, ел аумағы арқылы өтетін транзит көлемі, ТрансКаспий бағытындағы контейнер ағыны және «Дипломмен ауылға» жобасы бойынша бюджеттік кредит беру жөніндегі кейбір көрсеткіштердің орындалмағанын, жобалардың және жобалау-сметалық құжаттаманы түзетудің қымбаттағанын атап өтемін. Жыл соңына дейін көп уақыт қалған жоқ, сондықтан осы жұмысты жандандыру қажет. Жобалардың іске асырылуы әкімдер мен жауапты орталық мемлекеттік органдар басшыларының ерекше бақылауында болуы тиіс», — деп тапсырды.

бар автожолдар үлесін 80 пайызға дейін арттыруға мүмкіндік берді.

Премьер-Министр: «Өңір әкімдері жергілікті маңызы бар жолдарды назардан тыс қалдырмауы керек. Тұрғын үй құрылысы саласындағы, «Дипломмен ауылға» жобасы бойынша бюджеттік кредит беру жөніндегі кейбір көрсеткіштердің орындалмағанын, жобалардың және жобалау-сметалық құжаттаманы түзетудің қымбаттағанын атап өтемін. Жыл соңына дейін көп уақыт қалған жоқ, сондықтан осы жұмысты жандандыру қажет. Жобалардың іске асырылуы әкімдер мен жауапты орталық мемлекеттік органдар басшыларының ерекше бақылауында болуы тиіс», — деп тапсырды.

Талап ТІЛЕГЕН

Мәлімдеме

ҚАЗАҚСТАН «БІР ҚЫТАЙ» ҚАҒИДАТЫН ҚОЛДАЙДЫ



Еліміздің сыртқы істер министрлігі Тайваньға қатысты ресми мәлімдеме жасады. Қазақстан «Бір Қытай» қағидатын қолдайды және Тайваньды Қытай Халық Республикасы аумағының ажырамас бөлігі деп санайды.

Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Айбек Смадияровтың Тайвань бойынша түсініктемесінде былай делінген: «Қазақстан халықаралық құқықтың қолданыстағы нормаларын және Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысын сақтауды, атап айтқанда, осы мәселеде БҰҰ Бас Ассамблеясының 1971 жылғы №2758 қарарын ұстануды жақтайды». Сондай-ақ ол шетелдердің ресми делегацияларының Тайваньға сапары КХР Үкіметімен келісілуі тиіс деп санайтынын жеткізді.

Сөз-Жебе



Нұрлан
ОСПАНОВ,

Қазақстан астық

өндірушілер одағының төрағасы:

«Өткен жылы біз баж салығына тыйым салатынымызды жариялап, серіктестерімізді бір қорқытып алдық. Сөйтіп жүргенде 2-3 ай өтті, ал біздің сатып алушылар «алсақ па, алмасақ па» деп ойланып қалды. Мұндай жағдайда шешімді созбау керек. Өйткені нарық күтіп тұрмайды. Қазір біз импорттаушы елдердің Қазақстанды серіктес ретінде қарастырмайтынын байқап отырмыз.

Осы орайда олар сатып алудың басқа жолын іздейді. Соның бірі көршіміз – Ресей. Ол елде бидай өнімі мол және баға төмен. Ал біз экспортты реттеп, отандық өндірушілердің табыс табуына кедергі келтіріп отырмыз».

АПТАНЫҢ АЛТЫ АУЫЗЫ



1. Жыл басынан **9 мыңнан** астам азамат қандас мәртебесін алды

2. Жұмыс күші тапшы өңірлерге **1 147 отбасы** немесе **3,8 мың адам** қоныс аударды

3. Қаңтар оқиғасы бойынша **717 адам** сотталды

4. Екі жылда бала саудасына қатысты **800 іс** қаралды

5. Елордада **1 700-ге жуық ақылы көлік** тұрағы жойылды

6. Алматыда өз бетінше жер иеленген **644 тұрғынға** учаскесін заңдастыруға рұқсат берілді

Түйткіл

(Басы 1-бетте)

Жұрт жанадан тағайындалған қорғаныс министрінен үміт етіп еді. Ол болса журналистерге қазақ тілінде жауап беруден жалтарып, «Патриот болу үшін мемлекеттік тілді білу міндет емес» деп айды аспанға бір-ақ шығарды. Тағайындалғанына алты ай өтер-өтпестен қазақстандықтар «ALASH online» платформасында (2022 жылғы 31 шілде) Қорғаныс министрі, генерал-полковник Р.Жаксылықовтың отставкаға кетуін талап етіп, петиция жариялады. Онда әскердегі төртіп жоктығы, сарбаз өлімінің өршіп тұрғаны, сол себепті ата-аналардың балаларын әскерге жібергісі келмейтіні жайлы жазылған. Бұл бастаманың немен аяқталарын уақыт көрсетеді, өрине. Әйтсе де, қазіргі заманның қағидасы — «Ел боламын десен... әскерінді түзе» болып тұр. Біз мұны қауіп қылғасын айтамыз. Кез келген әскердің күш-қуаты халықта. Ал қорғаныс министріне халық сенбесе, онда қалай болғаны?..

Қазақстанның Қарулы Күштерінің қазіргі хал-ахуалын Қазақстан Генералдар кеңесінің төрағасы, генерал-майор Махмұт Телеғұсов «Закон.кз» (2022 жылғы 29 шілде) жариялаған сұхбатында дәл сипаттап берді. «Қазақстанның Қарулы Күштері бүкіл еліміз сияқты соңғы 20 жылда қазіргі әскери қактығыстарға жауап беретін армияның жоспарлы дамуын, қайта жарактануын, мемлекеттің қорғаныс қуатын іштен әлсіреткен жүйелі жемқорлықтың жойқын күшіне тап болды», — дейді ардагер. 2000-жылдардың басында еліміздің дамуына жаңа бағыт сілтеп, кейін қуыңға ұшыраған жас түркілер естеріңізде болар? Қарулы Күштердегі жас түркілердің бірі, жаңаша ойлайтын генерал, Бас штабтың бастығы Мәлік Сапаров еді. Әттен, оның ғұмыры қысқа болды, бар-жоғы 44 жасында көз жұмды. М.Сапаров Қазақстан Қарулы Күштерінің 2010 жылға дейінгі даму Жоспарын жасаған болатын. Онда армиямызды заманауи әскери техникамен, қару-жарақпен дәйекті түрде жабдықтау мәселесі де қарастырылған еді.

Сол жылдары НАТО стандарттарына бейімделіп, өтімділігі өте жоғары HUMMER ұрыс машиналары мен көп мақсаттағы «Хьюи» тікұшақтарын ала бастаған едік. Біздің Бас штаб Америка Құрама Штаттарындағыдай Бас штаб бастықтарының комитеті деп аталды. Бірақ бұл ұзаққа созылмады. Көп ұзамай, көрші елдің орбитасына қайта оралдық. Тағы да генерал Телеғұсовтың пікіріне жүгінейік: «Осылайша, Қазақстан армиясы дамуында тоқырауға ұшырап, 2005 жылдың басына қарай оның қолында өткен ғасырдың 60-90-жылдары шығарылған кеңестік қару-жарақ пен әскери техника көптеп жиналып қалды».

Жоғарыда біздегі әскери инфрақұрылым, қару-жарақ пен техниканың дені кеңестік дәуірден мұра болып қалған дүниелер делік. Нактылап айтсақ, тәуелсіздік алған тұста Қазақстанда Кеңестер Одағы қорғаныс өнеркәсібінің 50 кәсіпорны жұмыс істеп тұрды. Бұдан бөлек, ел аумағында Байқоңыр, Семей, Ембі, Сарышаған, Барсакелмес полигондарын қоса есептегенде 8 әскери-зерттеу кешендері болды. Бізде әскери-теніз флотына, зымырандар жүйесіне, танкіге және басқа да атыс қаруларына арналған ок-дәрі, қару-жарақтар шығарылып келді. Алайда бұрынғы экономикалық байланыстардың үзілуі, қаржы мен маман тапшылығынан олардың көбі өз жұмысын тоқтатты. Олардың бірқатары банкрот болып жарияланды немесе негізгі мамандықтарын өзгертіп, жекешелендіруге берілді. Қазіргі таңда қалған жиырмадан астам еншілес, тәуелді және бірлескен кәсіпорындардың басын «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы қосып отыр. Бұл компанияның да басынан дау арылған емес. 2017 жылы осы «Қазақстан инжиниринг» компаниясының басқарма төрағасының орынбасары Қанат Сұлтанбеков ірі көлемде пара алып келгені үшін 10 жылға сотталған болатын. Кейін ол 2 миллиард теңгеден астам айыппұл төлеп бостандыққа шықты. Әйтсе де, ол басқа қылмысты іс бойынша әлі күнге іздеуде жүр. Тағы бір су жаңа мысал,

биыл «Семей машина жасау зауыты» бас директорының орынбасары 7 жылға сотталды. Қаржылық мониторинг агенттігі баспасөз қызметінің хабарлауынша, ол танкілерге өте ескі қозғалтқыштарды орнатып, мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындау барысында 604 миллионнан астам теңгеге зиян келтірген.



ҚОРҒАНЫС ӨНЕРКӘСІБІНЕ ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ

2019 жылдың соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев есеп комитетінің басшысы Наталья Голунованы қабылдаған болатын. Сол кезде Голунова «Қазақстан инжиниринг» компаниясының қаржылық-шаруашылық жұмысындағы ретсіз шығындар, қарыз жүктемелерінің артуы, холдингтегі өндіріс жүйесінің әбден ескіргені жөнінде мәлімет берді. Мемлекет басшысы аудит қорытындысы бойынша жинақталған материалдарды өкілетті органдарға жолдауды, лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарастыруды тапсырды. Бұл тапсырманың немен аяқталғаны бізге беймәлім.

КЕШЕ – «НАЙЗА» МЕН «АЙБАТ», БҮГІН – «АРЛАН» МЕН «БАРЫС»

Сәл кері шегініс жасасак, 2009 жылы қорғаныс министрінің орынбасары, генерал-лейтенант Қажымұрат Маермановтың ісі еске түседі. Аталған қылмыстық іс қорғаныс министрлігі шенеуніктерінің израильдік фирмалармен дүркіндеп ататын «Найза» зымыран жүйелерін сатып алу және «Семсер», «Айбат» артиллериялық жүйелерін жаңғырту бойынша бірқатар келісімшарттарды жасасу және жүзеге асыру кезіндегі әрекеттеріне қатысты тергелген болатын. Израильмен жасалған келісімшарттардың жалпы сомасы сол кезде 190 миллион долларды құрады. Нәтижесінде К.Маерманов айыпты деп табылып, 11 жылға бас бостандығынан айрылған еді.

Артиллерия және ракета әскерлерінің мамандары мен ардагерлерінің айтуынша, негізі тандап алынған бағыт дұрыс көрінеді. Себебі Қазақстан посткеңестік кеңістікте бірінші болып артиллериялық қарудың жеке үлгілерін емес, тұтас кешеніне қол жеткізді. Дүркіндеп ататын «Найза» зымыран жүйесінің құрамына ұшқышсыз ұшу аппараты, метеостанса, заманауи оптикалық-

электрондық барлау және нысананы белгілеу құрылғылары, көліктердегі 4 командалық пункт кіретін. Сарышаған полигонындағы сынақтарға куә болған артиллерия маманы, Қазақстан Республикасы Әскери ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, әскери ғылымдардың кандидаты, запастағы

та жеткілікті. Бұл жерде бәрі адам факторына келіп тіреледі, ол жауапсыздық, салақтық, жемқорлық, тіпті диверсия болуы да әбден мүмкін. Алайда сол кездегі еліміздің қорғаныс министрі Н.Ермекебаев мұны күннің қатты ысуынан болған табиғи апат деген еді. Күлесің бе, жылайсың ба?..

Қазір қорғаныс министрлігі мен бронды жауынгерлік машиналарды шығаратын зауыт арасында дау-дамай жүріп жатыр. «Қазақстан Параманут инжиниринг» зауыты елімізде жеті жылдан бері 4х4, 6х6 және 8х8 дөңгелекті формуласындағы «Арлан», «Алан», «Номад», «Барыс» сияқты отандық өнімді шығарып келеді. Ол — Орталық Азиядағы заманауи бронды дөңгелекті машина жасайтын ең ірі кәсіпорын. Мұнда жұмыстың толық циклы жүзеге асырылып, машина жасауда 70 пайыздан астам жергілікті өнімдер пайдаланылады.

2022 жылғы 10 наурызда осы зауытты аралап шыққан Мемлекет басшысы аталған саланы дамытудың перспективті бағыттарын айқындап берді. Сондай-ақ отандық өндірушілерді қолдау қажет екенін атап өтіп, шығаратын өнімдерді техникалық тұрғыдан заман талабына сай жаңартуға шақырды.

Ал бұл кезде Қорғаныс өнеркәсібінің қауымдастығы аталған зауыттың жағдайы туралы былай деп шырылдап отыр: «Қорғаныс министрлігі ұзақ уақыт бойы отандық техникаға тапсырысты әдейі қысқартып, сонымен бірге соған ұқсас өнімді шетелден жеткізушілердің мүдделерін тікелей қорғауда. Зауыт күнін әзер көріп, жабылу алдында тұр. Дегенмен армиямыздың біздегі заманауи технологияға мұқтаж екені даусыз». Қорғаныс министрлігі болса зауыт өнімдерінің сапасы нашар дегенді айтады. Бұл даудың немен аяқталарын уақыт көрсете жатар. Біздің айтпағымыз, қолда бар дүниенің қадірін білген дұрыс. Сырттан дайын техниканы сатып алу сол елге барлық жағынан тәуелді болу деген сөз...



Таулы Қарабақ қактығысында өздерінің тиімділігін көрсеткенін айтады. Ең бастысы, өзі түрмеде отырған кезде сол зымыран жүйелерін еліміздегі әскери парадта және халықаралық KADEX қару-жарақ көрмесінде отандық қорғаныс өнеркәсібінің жетістігі ретінде мақтанышпен паш етілгенін теледидардан көреді!

Қазақстандағы қару-жарақ, әскери техника мен ок-дәріге қатысты атышулы қылмыстық істер, дау-жанжалдар, апаттар ешбір толастаған емес. Ең әуелі Тоқыраудағы, кейін Арыс пен Байзактағы алапат жарылыстарды еске алсақ

Армения мен Әзірбайжан арасындағы Таулы Қарабақ үшін соғыс, Украинадағы ұрыс қимылдары кеңестік әскери техника мен қару-жарақтың келмеске кеткенін көрсетті. Қазір кімде озық технология мен дәлдігі жоғары жойқын қару болса, жеңіске сол жетпек. Сондықтан Мемлекет басшысы айтқандай, қолда барды ұқсатып, отандық қорғаныс өнеркәсібіне жан-жақты қолдау қажет. Әйтпесе, әскеріміздің ертені екіталай болмақ.

Абзал ИБРАГИМ

НОРАҒА НЕГЕ НАРАУ ҚАРАДЫҚ?

Безбен

(Басы 1-бетте)

Біз атаған үш ару да осы клубқа тіркеліп тұр. Айына шамамен 300-350 мың теңге көлемінде жалақы алып күн кешіп келеді. Халықаралық жеңіл атлетика ұйымының талап жарғысы бойынша, бір елден екінші мемлекетке қоныс аударып, сол елдің азаматтығын алған жеңіл атлет 4 жыл бойы «көгенде тұрады». Өйткені әлемдік жеңіл атлетика федерациясы өзге елдің атынан сынға түсуге бел байлаған жалайқақ төрт жыл шектеу мерзімін кеседі. Осынау мерзімді өтеген Нора бастаған сіңбе спортшыларымыз биыл алғаш рет әлемнің алдында жүгіріп, әлем чемпионы атанды. Тәуелсіз қазақ елінің тарихында, тіпті әріден қамтысақ, қазақ жалайқтарының уысына ұстатпай, жалына қол тигізбей келе жатқан әлем чемпионатының алтынын Нора Джеруто алып беріп отыр. Кезінде өздерінің ұлттық құрамасынан орын бермеген Кения мемлекеті өз қыздарының өзге елдің туын көтеріп, әнұранын шырқатып алтын медаль олжалағанына қылшығы да қисаймайды. Өйткені бұл мемлекетте бүгін егіз бала өмірге келсе, соның әйтеуір біреуі жалайқ атанады. Демек қаншама Норалар өмір есігін ашып, әлі де алтын жүлде жалғаса береді.

Қайбір жылы белгілі тарихшы, этнограф, Атырау университетін 10 жыл басқарып, институтқа университет мәртебесін әперіп, іргесін нығайтқан Хисмет Табылдиевтың шаңырағында ойгілі жалайқ Әмин Тұжковпен әңгіме өзегі осы жеңіл атлетика арнасына қарай ойысып еді. Сұрақ қоюшылар КСРО рекордын жаңартып, алдына қара түсірмей, дара келіп жүрсе де, жазғы Олимпиада ойындарына қасакана қатыстырылмай жолы жабылған Әмин ағаны тындап отырмыз. «Біздің жүгірген шағымызда трасса табанға



қатты бататын. Қаттылығы сондай, екі бүйрегің солқылдап кетеді. Қазір бәрі жаңарған, заман талабына сай технологиямен төселген жабындының үстінде жүгіреді. Болам деген баланың белін буатын заман, біздегідей бетін қағатын емес», — деп еді Әмин Тұжков.

АҚШ-тың Юджин қаласында өткен әлем чемпионатында Нора Джеруто әлем чемпионы атанғанда Эфиопия елінің қос бірдей аруы Верхука Гетачью — күміс, Мекидес Абебе қола

жүлдені қанжығалады. Қарсыластарынан құрық тастам озық келген Джерутоның жеңісі де сөз жоқ, үлкен еңбек. Бірақ Кениядан келген «қазақстандық» атлеттің абыройлы алтын медалі мен әлем чемпионы атағына көпшілік неге нарау қарады? Бөркін аспанға ата қуана қоймады. Өйткені қазақ даласы 1996 жылы қанынан қараулық тауып, допинг дауына байлап, кәсіби спорттан екі жыл шеттеткеніне қарамастан, Сидней жазғы

Олимпиадасында (2000) алтын медаль алған Ольга Шишигинаны тудырды. Өскеменде туып, 2012 жылы Лондон Олимпиадасында чемпион атанған Ольга Рыпакованы өсіріп шығарды.

Иә, шеттен спортшы шақыртып, жылт етпе жетістікке масайрап, мастануды біз әбден менгеріп алдық. Кезінде Кытай мен Ресейден, Әзірбайжаннан әкелген ауыр атлеттеріміз Олимпиада ойындарында аттыңды арқыратып тұрып алмап па еді. Кейін бәрі допинг дауына шатылып, мойнынан медальдарын сыпырып берген жоқ па?! Бір жылдары еркін күрес құрамасында Қап тауының спортшылары жүрді. Сырттан келген спортшылар еліміздің спорттын ұшпаққа шығарды деп айта аламыз ба? Рас, олар келді. Енбекақысын алды, ақша тапты. Қандай жарысқа салсақ та, жүлде алып берді. Бұл «Қазақ елі қанша медаль алды» деген сауалға ғана тұшымды жауап болды. Ал ел спортының көшін өрге тартты деп айтуға ешқандай да негіз жоқ.

Қыр астында Париж жазғы Олимпиадасы тұр. Нора бастаған қара қыздар медаль алып берер, мерейімізді тасытар. Қазақ спорты үшін қиырдағы Қатонқарағайдан, Маңғыстаудың маң даласынан, болмаса Баянауылдың баурайынан, оларды алыссынақ, Алматының айналасынан-ақ жүгіргенде жағасын жел көтеретін жалайқтарды тауып, баулып биікке шығару, солардың жетістігімен мақтану әлдеқайда олжа, әлдеқайда алға басу саналар еді. Содан кейін ғой, Нораның алтын медалі мен әлем чемпионы деген атағына соншалықты елп ете қоймағанымыз.

Қуаныш РАХМЕТ

1 NARYQ

Megapolis

Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына қарасты 6 арнайы орталық бар. Оның бәрі халыққа тегін қызмет көрсетеді. Соның бірі – былтыр ғана ашылған «TEN QOGAM» әлеуметтік қолдау орталығы. Мұнда мүгедектігі бар азаматтардың қала өміріне белсене араласуына біраз мүмкіндік қарастырылған. Оларға көрсетілетін қызмет түрлерін қолжетімді ету мақсатында ашылған орталық «Бір терезе» қағидасымен жұмыс істейді. «Әлеуметтік қызметтер көрсету порталында» мүгедектігі бар қызмет алушыларға «Әлеуметтік порталмен» қолдану жолдарын үйрене отырып, қызмет түрлерін көрсетеді. Атап айтқанда, ақпараттық-консультациялық және әлеуметтік қызмет, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу және құқықтық, психологиялық қызметтер көрсетіледі. Біз осы әлеуметтік қолдау орталығының басшысы Ерсұлтан Әмзеевпен сұхбаттасып, ондағы мүмкіндігі шектеулі жандарға көрсетілетін қызметтер, нақты қандай мүмкіндіктер бар екенін сұрадық.

Ерсұлтан ӘМЗЕЕВ, «TEN QOGAM» әлеуметтік қолдау орталығының басшысы:

МҮГЕДЕКТІГІ БАР АЗАМАТТАР ҚАМҚОРЛЫҚСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

— **Ерсұлтан Қасымбекұлы, орталықтың ашылғанына көп уақыт болған жоқ. Қаладағы мүмкіндігі шектеулі жандар бұл орталық туралы тегіс құлақтанды ма?**

— «TEN QOGAM» әлеуметтік қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (*Ж.Аймауытов көшесі, 130*) мүгедектігі бар азаматтарға ақпараттық-консультациялық, әлеуметтік, құқықтық



және психологиялық қолдау көрсету үшін құрылған. Мекеме ұйымдық құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес мекеме. Бұл орталық Шымкент қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 4 қазандағы №1157 қаулысымен құрылған болатын. «TEN QOGAM» әлеуметтік қолдау орталығы» — мүгедектігі бар азаматтардың қала өміріне белсене араласуына мүмкіндік жасау және оларға көрсетілетін қызмет түрлерін қолжетімді ету мақсатында ашылып отырған орталық. Орталықтың медиа жоспарында бекітілген атаулы күндер және одан бөлек, басқа да жалпы 10 іс-шара (*«1 наурыз — Алғыс айту» күні, 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күніне орай, «22 наурыз мейрамы «Ұлыстың ұлы күні» мерекесі, «1 мамыр — Қазақстан халықтарының бірлігі» күні «Татулық — достықтың киелі бесігі», 7 мамыр — Отан қорғаушылар күні, 9 мамыр — Ұлы жеңіс күні мерекесі, 1 маусым — Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесі және тағы да басқа*) өткізіліп, Фейсбук, Инстаграм парақшаларымызда 71 пост жарияланды. Жалпы орталықта мемлекеттік мекемелер мен мүгедектігі бар азаматтармен денсаулық, білім, спорт, көлік, мүгедектігі бар азаматтарға төленетін жәрдемақылары және т.б. мәселелер бойынша 11 бірлескен отырыс және 6 психологиялық тренинг өткізілді.

Мүгедектігі бар 120 азамат жеке мәселелері бойынша менің қабылдауымда болды. Әр сәрсенбі күні жеке қабылдау өткізіп тұрамын. — **Орталыққа келушілердің салауатты өмір салтын ұстануына жағдай жасалған ба?** — Әрине, мүгедектігі бар азаматтардың салауатты өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында Шымкент қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасымен



кеңес — 22, Жұмысқа орналасу бойынша кеңес — 310, Кәсіптік оқытуға кеңес — 267, «Бастау бизнес» жобасына кеңес — 292, Психологиялық кеңес — 315, Кітапханаға келушілер — 221, Арт-терапия (*сурет салу*) — 77, Еңбек терапиясы — 249, Фито-бар, дәрігер — 238, egov.kz электрондық үкімет порталы арқылы — 226, Санаторий-курорттық емделуге өтініш тастаған — 461, Санаторий-курорттық емделуге жолдама алған — 527, Сурдоқұрал алғандар — 6, Протез ортопедиялық құрал алғандар — 32. Қала аумағынан шалғай жатқан шағын аудандарда тұратын мүгедектігі бар азаматтарға «Көшпелі қызметтер түрлерін көрсету» акциясы бойынша қызмет көрсетеміз. 15 мүгедектігі бар мұқтаз азаматтың үйіне барып, тиісті қызметтер көрсетілді. — **Білуімізше, орталыққа келушілерге еңбек терапиясы, арт-терапия ұсынылып, кітапхана да қызмет көрсетеді екен.** — Иә, жоғарыда айтылғандай, мүгедектігі бар азаматтарға жан-жақты қызмет көрсетіледі. Мәселен, «TEN QOGAM» әлеуметтік қолдау орталығына қызмет алуға келген мүгедектігі бар азаматтарға күнделікті фито-бар бөлмесі қызмет көрсетеді. Онда емдік шөптерден жасалған шайдың түр-түрі табылады. Еңбек терапиясына келетін мүгедектігі бар азаматтар қол моторикасын дамытуға және

қолдарының икемге келтіруге арналған моншак, биссермен зерлеу, тігін тігумен айналысады. Колөнер арқылы адамның жан-дүниесі, ақыл-ойы, іскерлігі, шеберлігі дамып отырады. Мүгедектігі бар қызмет алушылармен бірге «Арт-терапия» атты психологиялық тренингтер өткізіліп тұрады. Тренингтің мақсаты — қатысушыларға арт-терапия туралы түсінік беру, оның түрлерімен таныстыру, қызмет алушылардың достық қарым-қатынасын жақсарту. Мәселен, орталық психологының ұйымдастыруымен таяуда



«Сезімді суретте» атты психологиялық тренинг өтті. Бұл әдіс мүгедектігі бар азаматтардың алаңдау мен үрейлену сияқты сезімдерін анықтау үшін өте тиімді. Тренингтің жоспарында сәлемдесу (*танысу*) жаттығу, арт-терапия туралы түсінік, сурет салу терапиясы, еркін сурет жаттығуы, түстер терапиясы, сиқырлы алақан жаттығуы, рефлексия болды. Бұлардан бөлек, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылып тұрады. Кездесуде мүгедектігі бар азаматтарға зейнетақы қорының тиімділігі мен талаптарын кеңінен түсіндіру жұмысы жүргізіледі. Бізде жұмысқа орналастыру жағы да қарастырылған. «Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы» Шымкент қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 29 қарашадағы 1508 қаулысына сәйкес, «TEN QOGAM»



әлеуметтік қолдау орталығы» КММ-нің сүйемелдеуімен ІІ топтағы мүмкіндігі шектеулі жан Әмірхан Әсілханов осы жылдың сәуір айында №11 ЖОМ-не физика кабинетінің зертханашысы ретінде жұмысқа орналасты. Әмірхан Әсілханов 1962 жылы дүниеге келген. 2 қыз, 4 ұлдың әкесі. Мамандығы — есепші және инженер-механик. «Физика пәнінің мұғалімі» бойынша біліктілігі бар. музыка бойынша үйірме жұмыстары жүргізіледі. — **Қала аумағындағы шалғай шағын аудандарда тұратын мүгедектігі бар азаматтарға қалай қызмет көрсетесіздер?** — Орталықта 2022 жылдың 6 айында жалпы 4363 мүгедектігі бар азаматқа ақпараттық-консультациялық, әлеуметтік, құқықтық, психологиялық және әлеуметтік қызметтер көрсету порталы, Egov.kz порталынан қызметтерін алу мәселелері бойынша көмектер ұсынылды. Таратып айтсақ: Әлеуметтік такси қызметі — 642, Инватакси қызметі — 478, Зангерлік

**Сұхбаттасқан
Мәлдір КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент қаласы**

Trend

Қазақстан әлемде қалыптасқан жайсыз геосаяси ахуал мен санкция шектеулеріне қарамастан, өзінің экспорттық әлеуетін арттырып келеді. Бұған мемлекеттің ұлттық экспорттаушыларды жан-жақты қолдауы ықпал етіп отырғаны сөзсіз. Бұл жуырда Каспий құбыр желісі консорциумы жүйесімен мұнай тасымалдауда мәселе туындағанда анық байқалды. Сол кезде ел Үкіметі осы іске дер кезінде араласып, «қара алтын» экспорты тежелген жоқ.

ЭКСПОРТТЫ ҚОЛДАУ – ЕҢ ТИІМДІ ШЕШІМ

Цифрлық технологияның қарыштап дамуымен ІТ өнімдерін сыртқа шығару экономикадағы тиімді әрі көкейкесті міндетке айналып отыр. Мемлекет басшысы осы саланың манызына тоқтала келе, 2025 жылға қарай ІТ-экспорт көлемін 500 млн долларға жеткізу жөнінде тапсырма берген болатын. Бұл бағытта қолға алынған айтулы жобалар да бар. Бұған мысал ретінде Халықаралық Astana Hub ІТ — стартаптар технопаркінің жобасын айтуға болады. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің қолдауымен іске асырылған Scalerator ІТ— бағдарламасының ауқымын кеңейтуді көздейтін жобаға қатысушылар 300 мың доллардың инвестициясын тартқан. Astana Hub даму және экспорт жөніндегі басқарушы директоры Абай Әбсеметтің айтуынша, бағдарламаға қатысу тегін. Бұл компанияларға төл бизнесіне халықаралық сарапшының көзімен қарауға, өзінің даму жоспарын дайындауға, өнімді шетелге сатып, табысын еселеуге мүмкіндік береді. Осылайша, олар халықаралық нарықта өздерін таныта алады. Сондай-ақ отандық инновациялық өнім экспортының көлемін ұлғайтуға септігін тигізеді. Технопарк өкілдері биылғы оқу бағдарламасының Солтүстік және Оңтүстік



Америка, сонымен қатар Еуропа нарығына шығу бойынша біліктілікті арттыруға арналғанын айтады. Қазір стратегиялық өнім қатарына жататын уранды шетке жөнелту бағытындағы жұмыс та қалыпты деңгейде жүріп жатыр. «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясының баспасөз қызметі хабарлағандай, дайын өнімнің елеулі бөлігі тұрақты бағыт болып саналатын Ресейдегі Санкт-Петербург аймағы арқылы жіберіледі. Компания нарықта жиі туындайтын келеңсіз жағдайды ескере отырып, тасымалдың баламалы бағыттарын да қарастырып отырады. Атап айтқанда, 2018 жылдан бері сәтті түрде пайдаланып келе жатқан ТрансКаспий бағыты экономикалық қауіпті сөйілтуге көмектеседі. Қазіргі геосаяси ахуалға байланысты осы бағыт бойындағы елдердегі мемлекеттік мекемелермен транзиттік келісімдер пысықталды. Соның нәтижесінде «Қазатомөнеркәсіп» 3,5 мың тонна уран транзитіне рұқсат алынды. Компания, сондай-ақ осы квотаны ұлғайту жөнінде өтінім берді. Бұған қоса, осы ТрансКаспий бағытымен тасымалдау барысында серіктестерге жәрдем көрсету ісі де жалғасын тапты. Бұған сәйкес, өнім компания немесе бірлескен кәсіпорындардағы серіктестер тарапынан өндірілгеніне қарамастан, Бағыстағы конверсиялық кәсіпорындарға жеткізілгенге дейін өзінің шығу тегін өзгертпейді.



Айта кеткен жөн, елімізде өткен жылы 21,8 мың тонна уран өндірілді. Сарапшылар атом электр стансасында (АЭС) өндірілетін энергияға деген сұраныстың күрт артуына байланысты санкция салқыны бұл саланы шарпымайтынын алға тартуда. Түрлі елдерде қазақ көміріне де сұраныс артты. Осыған орай, экспорт шеңбері де ұлғайып отыр. Еліміздің индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі таратқан хабарламада биылғы жылдың алғашқы бес айында шетке құны 344 млн долларды құрайтын 13 млн 700 мың тонна көмір жөнелтілді. Мұның басым бөлігін алған елдердің көш басында Ресей, Қырғызстан және Беларусь тұр. Ал Еуропада отынның бұл түріне Швейцария мен Польша көбірек ықылас танытты. Түркия мемлекеттік телевизиясы осы елдің аталған мерзімде Қазақстаннан 94 мың тонна көмір алғанын хабарлады. Ал ішкі сұранысты толық қамтамасыз ету мақсатымен елімізде 1 тамыздан бастап 6 ай мерзімге көмірді автокөлікпен сыртқа шығаруға тыйым салынды.

Талап ТІЛЕГЕН

Қоршаған ортаны қорғау – Қоршаған ортаны қорғау – адамзаттың борышы. Әсіресе, ғылым мен технология жетістіктері қарыштап дамыған, өнеркәсіп өндірісі өрлеп, қазба байлықты игеру қарқын алған бүгінгі заманда табиғатқа қамқорлық жасау, экологияны сақтау – кезек күттірмейтін міндетке айналып отыр. Оған әр сала өзінше үлес қосады. Осы орайда біз Алматы облысы Кеген ауданына қарасты Кеген орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Айболат Солтанғазиевті әңгімеге тарттық.

Jas qazaq: Айболат Әскербекұлы, әңгімені өзіңіз басқаратын Кеген орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесінің негізгі қызметі мен атқаратын жұмысы жайынан бастасак.



ОРМАНШЫҒА ЖҮКТЕЛЕР ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖОҒАРЫ



А.Солтанғазиев: Бүгінде еліміздің ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырып, орман мекемесіне жүктелген міндеттер мен функцияларды жауапкершілікпен атқарып келеміз. Мекеменің негізгі қызметі – табиғатты, оның ішінде орманды алқаптарды, аң-құстарды қорғау, орманды алқаптарды көбейту, ұтымды әрі үнемді пайдалануға басшылық жасау.

✓ **«Бес жыл ішінде орман алқабында 2 миллиард, елді мекендерде 15 миллион ағаш отырғызылатын болады. Бұл еліміздегі көгалдандыру ауқымын кеңейтуге септігін тигізеді. Қазақстанның ұлттық саябақтары мен басқа да табиғат байлықтарын заңдық және нормативтік тұрғыдан қорғап, бұл салада құқық бұзған азаматтарды қылмыстық және әкімшілік жауапқа тарту тәртібін қатайту керек».**

(Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауынан)

Тянь-Шань тауындағы орман алқаптарында негізінен Шренк шыршасы өседі. Мекемеге қарасты аумақта өсіп тұрған орманды алқаптың 76 пайызы – Шренк шыршасы. Кеген орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қарауында 84582 гектар жер бар. Оның ішінде орманды алқап

– 26860 гектар. Міне, біздің мекеме осы үлкен аумақты қорғаумен қатар, орман ресурстарын өсіру, орманның қорғаныш желектерін жасау, сондай-ақ орман тұқымбағының дамуын жүзеге асырып келеді. Мемлекеттік мекемеде 83 адам еңбек етеді. Табиғатты қорғаумен айналысатын орманшыларға барлық жағдай жасалған. **Jas qazaq:** Кеген ауданы – Қызыл кітапқа енген жан-жануарлар мен тау өсімдіктеріне бай мекен екенін білеміз. Оны қорғап, аялау оңай емес шығар? **А.Солтанғазиев:** Біздің аумақта жан-жануар мен құстың түр-түрі мекендейді. Жануар дегенде марал, елік, қабан, арқар, аю, қасқыр, сілеусін, суыр, борсық, түлкі, қарсақ, сарышұнақ, тиін бар. Құстардан: бүркіт, қаршыға, ителгі, ұлар, тырна, бөдене, кекілік, шіл, құмай, байғыз, үйрек, қырғауыл, үкі, құр кездеседі. Шырша, қарағай, арша, қылша, шаған, үйенкі, тал, терек, Тянь-Шань қайыны, шетен, ұшқат, тобылғы т.б. ағаштар өседі. Алтын тамыр, алдыраспан, арша, арпа, дөрмене жусан, мойыл, марал шөп тамыры, шырғанақ, итмұрын, өгейшөп, долана, жоке ағашы, рауғаш, бакбак, кәрі қыз, иван шөйі, шанқурай, жұпар гүл, мендуана, мыңжапырақ, қалақай сияқты дәрілік шөптер өседі. Міне, осылардың барлығы біз күзететін орманды алқапта кездеседі.

Спорт Кеше Нұр-Сұлтан қаласында дзюдо күресінен ерлер және әйелдер арасындағы Азия чемпионаты жалауын желбіретті. Бекада күрес түрінен құрлық додасын Қазақ елі осымен екінші мәрте өткізіп отыр. 2004 жылы мамыр айында дзюдодан Азия чемпионаты Алматы қаласында өткен болатын. Араға бірнеше жыл салып, құрлықтың таңдаулы балуандары қазақ даласына ат шалдырып отыр. Ол кезде жиырмадан астам ел қатысса, бұл жолы құрлықтың 19 өлінен 200-ге жуық балуан келіп, бақ сынап жатыр.

7 тамызға дейін жалғасатын құрлықтық белдесу Жаксылық Үшкөмпіров атындағы жекпе-жек сарайын дубірге бөлеуде. Халықаралық дзюдо федерациясы (IJF) басшылығы Қазақстанның

Азия біріншілігі күзде өтетін әлем чемпионатына дайындықтың көрсеткіші саналмақ. Осы аламанда кімнің деңгейі қандай екені айқындалады», — дейді ол. Халықаралық дзюдо федерациясының (IJF) ережесіне сәйкес, Азия чемпионатында жеңіске жеткен балуанның әлемдік рейтингтегі көрсеткішіне 700 ұпай қосылады. Күміс медаль иегеріне 490



жалпыкомандалық есепте топ жарған емес. Бұл межеге жету үшін орасан зор дайындық керек. Соны ескерген Қазақстан дзюдо федерациясының басшылығы шетелдік мамандарды тарту ісін қолға алды. Мәселен, осы Азия чемпионатына ақырғы әзірлікті, жаттығу жиынын қыздар мен жігіттер Ақмола облысында өткізді. Аттай қалап, сауын айта барып, Франциядан Ксавье

Ауыл шаруашылығы **ІСТІҢ ТЕТІГІ – ТЕХНИКАДА** Еліміздің аграрлық саласын өрістетуші жандарға ауыл шаруашылығына арналған техникаларды жеңілдетілген бағамен лизингке беру бағдарламасына өтініш қабылдау басталды. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ мен индустрия және инфрақұрылымдық даму, экология, геология және табиғи ресурстар, ауыл шаруашылығы министрліктері бірлесе отырып әзірлеген бағдарламаның болашағы баянды болғай деп тілейміз.

Өйткені аграрлық сала — ел экономикасының алтын арқауы, негізгі жүлгесі. Жер емген шаруалар да, төрт түліктен мал өсірушілер де тіршілігінің күре тамыры бүлкілдеп соғуы үшін, осы салаға арналған техникаға зәрулікті тартудай-ақ тартып келеді. Ауыл шаруашылығы техникаларын лизингке беру бағдарламасы осындай орасан кем-кетіктің орнын бүтіндеу мақсатында жүзеге асырылып отыр. Бұл бағдарламаның қаржылық есеп-қисабын жүргізу «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ мен «ҚазАгроҚаржы» АҚ ұйымдарының еншісіне беріліп отыр. Жалпы бағдарламаға 40 миллиард теңге қаржы қарастырылған. Ауыл шаруашылығы техникаларын жеңілдетілген пайызбен лизингке алу үшін шаруалар «ҚазАгроҚаржы» АҚ бойынша еліміздің әр облысындағы филиалдарына өтініш бере алады. Лизингке ауыл шаруашылығы техникасын алушылар несиені 10 мерзімге дейін рәсімдеуіне болады. Алғашқы бір жыл



жеңілдік кезеңі болмақ. Техника алушылар үшін LOVOL, DONG FENG, DEUTZ FANH, TURAN, КИРОВЕЦ, БЕЛАРУСЬ т.б. маркалы тракторлар мен астық жинайтын, шөп оратын, сүрлем жинайтын комбайндар сатылымға шығарылады. Біздің елде ауыл шаруашылығы техникасын өндіруші компаниялар дегенде алдымен ойға «АгромашХолдинг КЗ», «Костанай трактор зауыты» ЖШС, «Қазақстан Агро инновациялық корпорациясы» ЖШС, «СемА3» ЖШС сынды өндіріс орындары ойға оралады. Лизингке берілетін ауыл шаруашылығы техникалары осы зауыттарда құрастырылады. Бірнеше министрлік бірлесіп әзірлеген бағдарлама 20 жылға жоспарланған. Осы күнде, әсіресе, егіншілікпен айналысатын шаруалар үшін жиын-терім науқаны кезінде техниканың қат болып жетіспеушілігі жығылғанда жұдырықтаумен бірдей. Күзгі жауын-шашынға ұрынбай, түскен өнімді жинап алуға техника орасан күш қосады. «Өзінде жоқ болса, өкен де жат» дегенді қазақ тегін айтаған. Өзінің қолында техникасы болмаған соң жалға алып, құны аспандап тұрса да, амалсыз жұмыс күшін жалдайды. Ал техника өзінікі болса, тек жанар-жағармайы мен қосалқы бөлшегіне ғана қаражаты жұмсалады. Ауыл шаруашылығы саласын дамытуға серпін беріп, өрісін кеңейту мақсатында іске қосылған бағдарлама көп шаруаға серпін береді деп сенеміз.

БАС ҚАЛАДА – ҚҰРЛЫҚ АЛАМАНЫ

әлемдік деңгейдегі маньзды сайыстарды жоғары дәрежеде өткізе алғаны үшін сенім артып отыр. 2015 жылы Нұр-Сұлтан қаласында дзюдо күресіне ерлер мен әйелдер арасында әлем чемпионаты өтті. 2019 жылы Алматы жасөспірімдер арасындағы әлем біріншілігін ұйымдастырды. Астана төріне төселетін татами үстінде құрлықтың қаншама жалындаған балуандары белдесуге түседі. Халықаралық дзюдо федерациясы біздің ел әлемдік деңгейдегі маньзды аламандарды жоғары деңгейде ұйымдастыра алатындықтан да үлкен сенім жүктеп отыр. Қазақстан дзюдо федерациясының президенті лауазымын уақытша атқарушы Асхат Жіткеев ұлттық құраманың мүшелеріне, сырт жастардың да өзін көрсетуіне орасан мүмкіндік туып тұрғанын айтады. «Біз бұған дейін де дзюдо күресінен Азия чемпионатын өткіздік. Балуандарымыз үшін

ұпай, қола медальді місе тұтқандар 350 ұпайдан олжалайды. Жалпы өз елімізде өтетін аламанда спортшыларымыз оза шауып, ойқақтап өнер көрсету үрдісі қалыптасқан. 2004 жылы Алматыда өткен Азия чемпионатында балуандарымыз 3 алтын, 2 күміс, 4 қола медаль олжалап, жалпыкомандалық есепте Оңтүстік Корея мен Жапония елінен кейін 3-сатыға тұрақтаған болатын. Осы жолы да үкілеген үмітті арқаалаған санлақтар сенімге селкеу түсірмейді деп сенеміз. Дзюдо күресінен Азия чемпионаты 1966 жылдан бері ұйымдастырылып келеді. Қазақстан спортшылары тәуелсіздігімізді алған 1991 жылдан бері құрлық біріншілігіне тұрақты түрде қатысып жүр. Былтыр Азия чемпионаты Қырғызстанның бас қаласы Бішкекте өтіп, біздің елдің қыз-жігіттері 2 күміс, 2 қола медальді олжалады. Дзюдо күресінен құрлық додасында еліміздің балуандары

Монденкс пен Стефан Трайноны шақыртты. Бұлар Франция елінде дзюдо күресінің соңғы жылдары қарқын алып дамуына серпіліс тудырған талантты мамандар. Соңғы жылдардың бедерінде Франция елінің дзюдошылары әлем чемпионаты, Еуропа біріншілігі, жазғы Олимпиада ойындары сынды додаларда командалық есепте көшті бастап тұр. Тіпті былтыр Токио жазғы Олимпиадасында командалық сайыста жапондардың өздерін айқын басымдықпен (4-1) ұтқан да осы француздар болатын. Және сол додаға Монденкс пен Трайноның төккен тері өлшеусіз. Қалай болғанда да, Елорда төріндегі құрлық біріншілігі біздің балуандардың қарым-қуаты мен дәреже деңгейі қай шамада екенін аңғартатын сайыс болғалы тұр. Балуандарымызға бес елі бак тілеп, жеңіс тұғырынан көрінуін қалаймыз.

Қуан КӨШІМБАЙ

Жомарт КӨШЕК

SERPIN

Ауыл шаруашылығы

Алматы облысы ауыл шаруашылығы үшін қолайлы. Әсіресе, Еңбекшіқазақ ауданына қарасты Шелек өңірі түрлі көкөніс дақылдары мен жеміс-жидек өсірумен, мал шаруашылығын дамытумен танымал. Бүгінде бұл аймақтың шаруалары мемлекет пен «Еңбекшіқазақ ауданы жергілікті қауымдастықтар қоры» ұйымдастырған жобаға қатысып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің бірегей үлгісін көрсетуде.

Биыл қауымдастық ұйымдастырған жобаға 70-ке тарта жеке шаруа қатысты. Соның нәтижесінде 4 жеке қожалық грант алып, шаруасын табысты дөңгелетіп отыр. Біз бұған Тескенсу ауылындағы Нұрлан Жамаловтың жеке қожалығына барғанда көз жеткіздік. «Құлжа тас жолынан төмен қарай жеміс өспейді» деген қағидадан құтылдық» — дейді шаруа. Кәсіпкер 2 гектар жерге алма отырғызыпты. Оған қоса, 20 бас сиыр мен 450-ге тарта қой өсіріп отыр. Иен даланы жасыл желекке айналдырған фермер электр жарығының орнына баламалы энергия көзін пайдалануды қолға алыпты.

Ол: «Қазір технология дамып келеді. Ең алдымен, жергілікті қауымдастыққа алғысым шексіз. Біз жобаға қатысу барысында баламалы энергия көздерінің пайдалы тұстарымен таныстық. Оны бізге ең алдымен күн батареясын нақты зерттеген мамандар түсіндірді. Кейін панельдерді орнататын компания мамандары да құрылғының жұмысын толық түсіндірді. Әрине, баламалы энергияны орнату арзан дүние емес. Дегенмен 1 миллион теңге грант ұтып алдым, жарты қаржысын өз қалтамыздан шығардық. 2 гектар жерге алманың сары, қызыл түрі мен «алтын шапақ» («золотое превосходное») тұқымын отырғыздым. Күзде өз жемісін береді. Әзірге қанша өнім алатынымды есептеу қиын, күзгі жиын-терінде белгілі болады. Алмадан бөлек, сиыр мен қой өсіремін. Шаруашылыққа екі көмекшім мен отбасым көмектеседі. Шағын қожалық болғандықтан, екі адам әзірге жетеді. Алдағы уақытта кәсіпті кеңейтіп, жұмысшы санын көбейтсем деймін. Күн батареясымен қатар, жел қондырғысын да орнатуды ойға алдым. Өйткені бұл жерде 365 күн бойы жел соғып тұрады. Осыған орай, ғылыми мамандармен кенесіп, желдің жылдамдығын анықтап, оны орнатудың жолдарымен танысып жатырмын», — дейді.

«Ауылдық аймақтарды дамыту» кешенді бағдарламасы ұсақ шаруа қожалықтарын біріктіру мақсатында қолға алынған. «Шелек фермерлері» жобасы 15 жылдан бері іске асып келеді. Жоба жетекшісі Еңбекшіқазақ ауданының жергілікті қоғамдастықтар қорының директоры Бақытгүл Елшібаеваның айтуынша, «Шелек фермерлері» кооперативі шаруалар мен ауыл тұрғындарына көкөніс өсірудің заманауи әдістерін, сондай-ақ маркетинг, логистика және сату негіздерін оқыту есебінен өмір сүру сапасын жақсартуға көмектесуде.



Осы орайда Бақытгүл Елшібаева былай дейді: «Фермерлерге жеке-жеке жұмыс істеу тиімсіз, олар өз өнімдерін жеткізудің қажетті көлемі мен тұрақтылығын қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан олар өз өнімін көтерме саудагерлерге төмен бағамен сатуға мәжбүр. Ал кооперативке бірігіп, бірін-бірі занды тұлға ретінде әрекет ету нәтижесінде, өз өнімдерін ірі азық-түлік кәсіпорындарына, сауда желілері мен мейрамханаларға жеткізуді жолға қойды. Заманауи



АУЫЛДА ДА ДАМУ БАР

НЕМЕСЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ЖЕМІСІ



агротехнологияларды пайдалануды үйренді». Ауылды жердегі жиын-терін маусымы, жұмыссыздық, өнімді өткізудегі қиындықтар бүкіл аймақтарға тән. Әйтсе де, Шелек шаруалары бұл мәселенің де тиімді шешімін тапқан. Аймақтағы «Атамекен» ҰКП маманы Динара Үсенбаева «Шелек фермерлері» жобасы шағын қожалықтарды кооперациялаудың табысты үлгісіне

айналғанын айтты. Ол: «Қазіргі таңда агробизнес орталығында жұмыс қызып жатыр. Ендігі міндет — биотехнологиялар және органикалық өнім өндіруді жетік меңгеру. Шаруаларға күн панельдері, жана жылыжайлар, тамшылатып суару секілді биотехнологиялар насихатталуда. Кооператив Ж.Жиембаев атындағы Қазақ ҰСІМДІКТЕРДІ ҚОРҒАУ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫМЕН ҰНТЫМАҚТАСТЫҚТА ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ. ҒАЛЫМДАР ЕГІС ДАЛАСЫН БИОЛОГИЯЛЫҚ ПРЕПАРАТТАРМЕН ҚОРҒАУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ,

тағы бір кәсіпкер Елдос Нәженов. Ауыл шетіндегі 1 гектар жерге көкөніс өсірумен қатар, 250-300 тауық асырап, өнімін Алматыға тікелей жөнелтіп отыр. «Шаруасын дөңгелетуге жан жары мен кішкентай қыздары көмектеседі екен. Кәсіп иесі бұрындары Алматыда бірнеше жыл ауыл шаруашылығы саласында қызмет еткен.

Елдос Нәженовтің айтуынша, еңбек етемін деген адамға ешқандай жағдай кедергі келтірмейді керек.

Ол: «Ауылда да даму бар деп айтқым келеді. Өздеріңіз байқағандай, менің қожалығым ауылдан сәл жырақ орналасқан. Тікелей тартылған электр желісі жоқ. Баламалы энергияны пайдаланып отырмын. Жана құрылғының қыр-сырын үйреніп жатырмын. Ең бастысы, жұмыс тоқтап тұрған жоқ. Болашақта үйімді үлкейтсем деймін. Ауылдық жерде өз кәсібін ашқысы келетіндерді арнайы қондырып, ауыл тіршілігімен таныстырғым келеді. Олармен өз тәжірибемді бөліскім келеді», — дейді.

Бүгінде бұл өңірдегі «Шелек фермерлері» кооперативі облыстың агроөнеркәсіптік кешенінің дамуына үлкен үлес қосуда. Мұның бәрі ауыл өмірін жақсартуға, тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға және жастардың тұрақтап қалуына ықпал етері сөзсіз.

Макпал НОҒАЙБАЕВА,
Шелек ауылы
Еңбекшіқазақ ауданы

Дүниежүзілік мұра

Биыл Қазақстанның ЮНЕСКО ұйымына кіргеніне 30 жыл толды. Қазақ даласында қойнына сыр бүккен тарихи орындардың бірнешеуі ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұра объектілерінің тізіміне енгізілген. Сол мұраның бірі – Алматыдан 170 шақырым жердегі «Таңбалы» петроглифтері.

қатары жыл санап молайып келеді. 3-5 мың жыл бұрын қашалған бейнелердің қар суына шайылып, желге мүжілмей сақталуы туристердің танданысын тудырады. Көне дәуірдің көзі, сол дәуірдің шежіресін шертетін мұрасы

күшейтілген режимде жұмыс істейді. Қорық-музейдің инспекторлары атпен де, жаяу да аралап, туристердің, тамашалаушы жандардың тарихи жәдігерді бүлдірмеуін қатан қадағалайды. Петроглифтердің тарихын зерттеуге, сырын ұғуға шетелдік ғалымдардың да қызығушылығы артып келеді. Жоғарыда сөз еткен экспедициялық топ осыдан 65 жыл бұрын жүргізілген археологиялық

аншыны да, түрлі бейнедегі тіршілік иелерін де, күн бедерлі тұлғалардың да сұлбасын көреді. Тарихи жәдігерлер әлі де індетте зерттеліп, қойнауына бүккен құпиясы толық ашылған жоқ. Тастағы жазулардан көне қытай, жапон, тибеттің, тіпті кәріс, сармат жазуларын да аңғаруға болады. Мамандардың айтуынша, Танбалыдағы суреттердің көбі батысқа қаратып



«ТАҢБАЛЫ». КӨНЕ ДӘУІР ШЕЖІРЕСІ

1957 жылы қазақ ғылымында алғашқы кәсіби археолог атанған Анна Максимова жетекшілік ететін топ Танбалы петроглифтерін тапты. Тарих және археология институтының экспедициясындағы Жетісу отряды ашқан жаңалық қазақ даласының қай тасын түртіп, тіл бітірсеңіз де, тұнып тұрған тарихтың шежіресін шертетінін айқындады.

Бұл күнде Танбалы петроглифтері мемлекеттің қорғауында. ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұра объектісі тізіміне енгеннен кейін де тарихи орынға құрмет те, қырағы күзет те күшейтілді. Жойылып бара жатқан петроглифтерді қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі. Ғылыми қызметкерлерден жаракталған топ танбаны зерттеп, түбіне бойлап, тасқа тамыр салған бейнелерден танып-түстегенін қағазға түсіріп, ғылыми айналымға енгізеді. Ашық аспан астындағы табиғаттың сыйға тартқан музейіне келуші туристердің де

болғандықтан да, ЮНЕСКО алабөтен қорғауға алып, қамқорлық танытты.

Бүгінде ашық аспан астындағы тарихи ескерткіштерге «Танбалы» табиғи қорық-мұражайы бас-көз болып отыр. Аталған мұражайдың басшысы Мадияр Әмірғалиев тасқа қашалған петроглифтерге жыл сайын екі мәрте зертханалық жұмыс жасалып, танбалар мен бейнелер құжатқа түсіп қатталады дейді. Осы арқылы да суреттердің петроглифтердің он жылдың бедерінде қаншалықты көнергенін, өзгеріске ұшырағанын анықтау тиімді болып отыр. Мұндай мониторингтің нәтижесінде танбаларға сызат түсіп өскірсе, өзгеріске ұшыраса, қалпына келтіру жұмыстары қарқынды жүргізіледі.

Орталық Азияны бөліп алып мекен еткен бес мемлекеттің ішінде дәл осы «Таңбалыдағыдай» тасқа петроглифтер жыпырлай шоғырланған жер де, тау да жоқ. Сондықтан да күзет

жұмыстары кезінде ескерткіштерге зерттеу жүргізіліп, Жетісу жеріндегі қола дәуірге жататын қабірлер қазылған болатын. Қарақұдық қабірін қазғанда жерленген адамның қолы мен аяғын бүгіп, сол жағына қарай жатқызып, басын қыбылаға қаратқанын анықтаған. Зерттеушілер «Танбалыдағы» тастарға қашалған суреттердің басым бөлігі осы қола дәуірінде қашалған деген байлам жасайды. Өйткені қола дәуірінде адамдар жан-жануарды қолға ұстауға бейімделіп, тағыны да, тарпанды да бастықтырып үйретуді қолға алды. Петроглифтердегі бейнеге назар салған жан аң терісін жамылып, олжасын аңдыған

салынған. Бұл «бүгінгі күн өтеді, ертең басқа күн туады» деген ұғымды білдірсе керек. Сондай-ақ суретші жартаст бетін үнемдей білген, тастың әр шақпағына қажетті ақпаратты ғана беріп отырған.

Алматы облысы Жамбыл ауданы Қарабастау ауылының іргесіндегі тарихи жәдігерді тамашалаушылар үшін жергілікті тұрғындар сервистің де түр-түрін ұсынып, отандық туризмнің дамуына сәл де болса, серпін беріп отыр. Алты канат ақшанқан киіз үйлер тігіп, саумалын сапырып, қымызын ұйып, күрт-майын ұсынады, мамағашқа қантарған аттарын да мінгізеді. Осыдан бес мың жыл бұрын бабаларымыздың қалай өмір сүргенін тасқа қашалған тарихтан тамашалайтын шетелдік туристер бүгінгі біздің бекзат бекзат тағамдарымыздан дәм татып, танысады.

Ұлттық құндылықты сақтауды, мәдени мұраның қалпын бұзбай келер ұрпаққа жеткізу жолында әркім де жауапкершілікті сезініп, қастерлей білсе дейді «Танбалы» петроглифтерін қорғаушы мамандар. Расында да, табиғат аясына демалуға келгендер де, тарихи орында тамашалаушылар да қасиет қонған жәдігері мол мекенге аяқ басқанда шежіремізді ғасырдан-ғасырға жалғап шертетін тарихи орындағы бейнелерді бүлдіруге жол бермесе дейсін. Қасиет қонған орын болмаса, ЮНЕСКО мәдени мұралар тізіміне енгізер ме еді!

Қуан РАЗАҚ

Шерхан МҰРТАЗАНЫҢ туғанына 90 жыл

(Басы 1-бетте)

Кенет Ғабиден, кәдімгі Ғабекем, Мұстафин есіме сарт етіп түсе кетті». Бұдан әрі Тұрар Рысқұловтың көзін көрген Ғабиден Мұстафиннің әңгімесі жалғасады. Шерағанның қазақтың ірі тұлғалар мен тұстас таланттар туралы жазғандары өз алдына, ешкімге ұқсамайтын ойлылығымен, стилі мен формасымен де тың әрі тек шындық әлеміндей айрықша. Бертінде жазылған «Ай мен Айша» романы жазушының балалық шағы мен арман-қиялдарының нәсер жауыннан кейінгі кемпіркосақтай түрленген көркемдігі, шығарманың стилі мен ой тазалығы, сұлу да кестелі тілдің шұрайлығы ғажап туындыны дүниеге әкелгенін, тұтас бір дәуірдегі Ана образын жасауда хас таланттың қолынан ғана келгенін әдебиетшілердің мойындауы бекер емес. Барысхан — Шераға ғой. Бұл шығармасын жазуға балалық өмірі ауыр да қиын кезеңде өткен жазушының ұзақ дайындалғанына өзі де айтады және сұрғылт заманда бауырына қысқан балапандарын азапты тағдырдан аман-есен алып шыққан Анасы арқылы бар қазақ баласының сүйікті аналарына қойылған сөз бен өнер ескерткіші деп айтуға болады. Шерағаның да зұлматты 37-жылдардағы келмесе кеткен кеңестік солақай саясаттың салдарынан әкелерін «халық жауы» атандырып, сөйтіп жазықсыз жандардың Қиыр Шығыстағы тайгада опат



жазушылығымен қатар, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері болған Шераға шын әдебиет жүйріктері мен мемлекет қайраткерлерінің жақсылықтары мен үлгі тұтқан тұғырларының калірін біліп, ағалық ақылды пейілдеріне тамсанып, кейінгі ұрпақтарды парасаттылыққа үндейді. Жазушы да пенде. Оның да арайлы қуанышы, қат-қабат қасіреті болады. Шерағаның өсу-өрлеу жолдары мен жылдары тақтайдай теп-тегіс, даңғыл болды немесе үндемей қабатын қызғаныш дейтін қызыл ит болған жоқ деп ешкім де айта алмайды. Бірақ адамды адамгершілігі мен қарым-қабілетіне қарап бағалайтын адал жандардың көзіне түсіп, көңіл аударған жағдайы жәй айтыла беретін құбылыстан да күдіретті күштің болғаны деп түсінеміз. Қараңызшы, «Лениншіл жас» газетінің *(қазіргі «Жас Алау»)* Қарағанды облысы бойынша меншікті тілшісі қызметінен 1960 жылы осы басылымның бас редакторының орынбасары, бірақ сол кездегі Қазақстан комсомолы Орталық комитетінің бірінші хатшысының ешбір ақылға сыймайтын орынсыз қылығына қарай бұл қызметтен кетіп, басқа жұмыс ұсынағанына

ШЕРАҒА ҚАДІР ТҰТҚАН ІРІ ТҰЛҒАЛАР

болған белгісіз, беймәлім сұмдықтарды ғұмыр бойы жүрегінен өткізгенін елестетудің өзі қиын. Мыңбұлақтағы өзі тектес мың баланың бірінің осындай жағдайда жетіліп, өсіп, өзі айтатындай, 1932 жылдары туған балалар қарашешек ауруынан жаппай қырылғанда, зәуітінде, көрер жарығы бар екен, құрластарынан аз бала ғана тірі қалған. Қапас өмірдің түрлі қасан кезеңдерінен өткен жылдар, келе-келе, ержетіп, есейген кезінде байтақ елдің белі бекем, қаламы қуатты, азаматтық ұстанымы берік, туған жұртының аманаты мен артқан жүгін көтере алған айтулы перзенті, бірегей тұлға болатынына сенген әрі бір Алладан соны тілеген бір адам болса, ол — алтын құрсақты ардақты анасы еді. Үлкен өмірде күні кеше Мәскеуден оқу бітіріп, енді ғана журналистика саласына қадам басқан өрімдей тілшіге сенім артқан, өзіне ерекше сенген адамдар қатарының өмір жолы мен қарым-қабілетіне, шығармашылық танымалдығына қарап тұрсаң, қайран қалдыратын тұстары өте көп. Шарболаттай мыңғы, жаратылысынан тастүйін, терен ойлы жас жігітті ерте бастан тура тану мен оның жолын ашқан адамдар туралы сүйсініп айтудың өзі керемет әсер қалдырады. Қоғамның ірі тұлғалары кілең. Олардың өнегесі мен қамқорлығы, ізгі кісілігі хақында Шерағаның өзі құрметтеу, қарыз бен парыз тұрғысында ашық, риза пейілмен әрдайым айтып, жазып кеткенін байқайсыз. Мәскеуде студент кезінде күтпеген жерден кездескен Бауыржан Момышұлы еді. Әскери академияда генералдардың өзін оқытып жүрген қаһарман Баукен туу сонау Мыңбұлақ — Жулының саф ауасын жығып өскен ағайын ауыл баласын жолықтырып, алғаш тілдескенде-ақ көп жәйтті аңғарып, еңбек пен оқу іздеген жолынан үміт еткен болат. Қазақ жастары жоғары білімді маман болсын деп, атакты оқу орындарына



жолдамамен жіберу үшін қабілетті түлектерді іріктеу кезінде Жамбыл облысын басқарған Асанбай Асқаровтай асыл азаматтың өз қолымен Жамбыл қаласындағы жалғыз қазақ мектебін бітірген Шерхан Мұртазаев пен Қаратай Тұрысов деген оқушыларға Мәскеуге оқуға жолдамамы тапсыруы да сәті түскен оқиға ғана емес, адам баласы ойласа да орындала бермейтін жағдай. Шерағаның интернетта қара нанды бөліп жеген бала досы Қаратай Тұрысовтың да көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері болғаны баршаға мәлім. Орталық комитеттің хатшысы, министр, Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, Парламент Мәжілісінің комитет төрағасы болды. Кезінде Бүкілодақтық кәсіподақтардың Орталық Кеңесінің хатшысы болып қызмет атқарған кезінде БҰҰ-ның мінберінен алғаш сөз сөйлеген қазақтың бірі. Мындарға, миллиондарға көркем туындылары арқылы асыл сөзім сыйлаған, санамызға — сана, көзімізге — нұр, жүрегімізге жылу қосқан

қарамастан, «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясына барып жай әдеби қызметкер болып орналасады. Бір естелігінде сол бір жағдайға байланысты «Сонда барып бұл өмірде неше түрлі әділетсіздік, зұлымдық болатынын жан-тәніммен сездім» деп жазалды. Бюродан шығып бара жатып біріншіге: «Адамды мұнша қорлағаныңыз қалай?» деп айтқаны сол күні жан-жаққа тарайды. Жас Шерағаның осылай бетке тура, әділ де оқтай қадалып айтар сөзінің түпкі төркінің табиғатынан екенін білеміз. Ал кемеліне келген ел ағасы шағында буырқанған Шераға 90-жылдардың басында, тура еске түсіп отыр, Телерадиокомитеті төрағасы қызметінде қазақ тілі хабарларының түр кеміп, ұлттық мүдде ескерілмей, ұлттық кадрларға жеткілікті назар аударылмағанын көріп, сезініп, сол олқылықтардың орнын толтыруға батыл кіріскен Шерағаның бірден «ұлтшыл» демесе де біраз айыптаған, сол үлкен бір жиында қайраткер қазақ тіресіп төрде отырғандарға қаратып; «Қызметтеріңізді аларсыздар, бірақ қазақ тілінің тағдыры үшін



алаңдамай тұра алмаймыз. Мені де қолымдағы қаламым асырайтын шығар» деген бір ауыз сөзінің астарында рухтанған күш-қуат бар болатын... Ардақты жазушының ел мен жер, тіл мен төл мәдениет тағдыры жолында шындыққа шарт жүгініп, табандап, қаймықпай айтып өткен өмірі өзгеше күйінде өшпей келе жатқанында көп сыр бар... Сонымен аға басылымның бас редакторы Қасым Шәріпов пен оның бірінші орынбасары Абай Бейсенбаев «Лениншіл жастың» бұрынғы бас редакторы *(кезінде Шерағаны жұмысқа алған өзі)*, сол Абай шәкіртін енді Шәріповке апарып, қызметке алдырады. Жас журналистін қаламы ұшқыр әрі өткір, нені жазса да тереңіне бойлап, ұғынықты етіп жазғаны ұнады ма екен, Қарағандыда жүріп өндірістік тақырыптарда небір проблемалық мақалаларымен тез танылған оны арада екі жыл өткенде «Лениншіл жасқа» бас редактор етіп бекітеді. Мұны талантты қаламгер «Ақ жолмен өткен азамат» деген жазбасында: «Бұл кездегі бірінші хатшы Өзбекәлі Жәнібеков, идеология хатшысы Камал Смайылов. Өзбекәліні танымаймын. Көрген кісім емес. Камал таныс. «Лениншіл жастан» өскен. Сонда деймін-ау, мені осы үлкен қызметке қоюға Жәнібеков қалай келісті?! Әрине, Камал айтқан шығар. Сөйтсе де, өзі көз жеткізу керек қой. Мені оған жақсы таныстырған газетте ылғи да жарияланып тұрған менің жазған очерк, мақалаларым болар. Сонда бұл Жәнібеков адамның түсіне емес, ісіне қарайтын болғаны ғой. Содан табаңы күректей сегіз жылым «Лениншіл жаста» бас редактор болумен өтті. ЦК-да бірінші хатшы болып Өзбекәлі де осы шамалас отырды» деп еске алады. Таланттар бір-бірін жазбай таниды. Өзаған Шерағанды өз халқының жоғын жоқтап, мұң-зарын естіп қана қоймай, күрескерлік рухтың отын жағатын азамат, өжет редактор болатынына көзі жеткен болар, халықтың сөзін сөйлеген, қазақтың мүддесі үшін, талантты жас шығармашылық иелерінің жолын ашуда мейлінше батылдық танытты. Шерағаның редакторлық қызметінің аспандаған дәуірі жұртты жалт қаратты. Жастарды дүр сілкіндірді. Қазақ әдебиетінің жаңа, аса талантты толқыны тулағандай әсер қалдырғаны соншалықты, жастар басылымының таралымы ширек миллионға жетті-ау. Қазақтың байтақ даласында, түкпір-түкпірінде жүрген кілең таланттардың басын Алматыда қосқан редактордың ұйымдастырушылық зор қарым-қабілетін танытып, ұлт пен жастардың абыройы үшін

кеудесін окка тосқан батырлығы мен табанды мінезі сол кезде-ақ аңызға айналған болатын. Бұл жөнінде қаламгерлер қауымдастығында «Шерханның шекпенінен шыққанбыз» деп келетін талантты ақын-жазушы, көрнекті журналист-публицистердің небір тамаша макалары мен эссе-әңгімелері бір емес, бірнеше том кітапқа арқау болғанын жақсы білеміз. Солардың басым көпшілігі республикалық жастар газетінде Шерағаның тұсында шыңдалып, шартарапқа атак-данқы шыққан қаламгерлер болып келеді. Бұл өзі қазақ баспасөзінде қайырыла қоймас бір дәурен еді. Қазақ редакторларының жаңа соқпағы, өзіндік мектебінің қалыптасуының ең жарқын көрінісі болатын. Сегіз жыл редакторлық қызметте сол қоғамдағы былық-шылықты ашық жазуға ұмтылыстың өзін де көтере алмайтын, әдебиеттегі жаңашылдыққа келісе бермейтін, сыңаржақ пікірі басым жағдайларды сынаған материалды көргісі келмейтін билікпен текетірестің қаншалықты миға, жүрекке салмақ салатынын, ол үшін темірден жаралғандай болмасаң, өзіңікін ғана дұрыс санайтын үстемдік идеологиясымен күресу дені сау адамды сал ауру қылатындай еді зардабы. Соған шыдас берген әуелі қазақ қоғамында Өзбекәлі Жәнібеков еді. Жастар газетін қорғап, басшыларын ажалдан құтқаратын да сол кісі болатын. Бұған қарап, сол өміршілдік заманында да әділет жолынан таймаған адамдар болған екен деген ой келеді. Әділеттілік демекші, Шераға «Жастар газетін сегіз жыл басқардым, жасым болса ұлғайды. Ұдайы жастар арасында сақалды басыммен жүре бергенім жараспас» деп



Өзағаңа екі рет арыз апарып береді. Үшінші рет барғанында «Жалын» деген альманах ашылды. Кейін журнал болады, соны жолға қоюға күш сал» деп жібереді. Бұл 1970 жылдың аяғы еді. Бұдан кейін Шерағаның республикалық ақпарат саласында «Қазақ әдебиеті» газетін, «Жұлдыз» журналын, «Егемен Қазақстан» газетін басқарып, Қазақстан Телерадио комитетінің төрағасы секілді жоғары дәрежелі лауазымда қызмет атқарған жылдары аса талантты тұлғаның ешкімге ұқсамайтын, мемлекеттік және ұлттық мүденің биігінен танылған өте абыройлы қайраткерлігі ешкімнің еншісіне бұйырмаған, қазақтың аргы-бергі тарихында бас редакторлардың арасында мұндай мемлекет және қоғам қайраткері бұрын-соңды болмаған деген баға көзі тірісінде-ақ беріліп қойған. Ал Шераға танымал қаламгерлер мен ізбасар шәкірттерінің жылы лебіздерін соншалықты орынды айтылды десек те, салқындап қалыпдайтын. Ауыр мінезін сай жылы қабақ таныта салуы да қиын соғатын. «Мен осы жұрттың айтып отырған мақтауына лайықтымын ба, жоқ па» дегеннен гөрі өмір шындығы мен ақиқаттың орнығып, ел мен жұрттың келешегіне қаншалықты қызмет еттік деген қалың ой үстінде болатынын сезінбеу мүмкін емес. Атак-данқы қанша жерден дүрілдеп тұрса да, әлдекімдер секілді дүниеге қызықпаған адамның өзін сезінуі де басқалай болатын сияқты. Жеке дағдысы ма, басқалай қарағаны ма, әйтеуір, Шерағаның мың сан фотоларының арасында кеудесіне наградаларын немесе төсбелгісін тағып түскен суретін де кездестірген емеспіз. Сол баяғы мейлінше тік мінезді, сұстылау, көп күле бермейтін қалпында да биязы, жылылық лебінен өзгермейтін сезімтал адам. Алдыңғы толқын — ағаларының оты мол жүрегінен жылу алғандар қатарында Шерағаның іш тартып, қатты қадірлеген дара қайраткерлері аз деп айтуға келмейді. Ұлы жазушы М.Әуезовты әрдайым ұстаз тұтқан әдебиетші қауымының барлығы да ірілердің інісі болуға ұмтылғаны жасырын емес. Шераға да талғам мен зейін ерекшелігіне сай, әдебиет дәстүрінің үлгісімен өзіне Ф.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, С.Мәуленов, Т.Ахтанов, Ғ.Қайырбеков, Ә.Нұрпейісов, К.Мұхамеджанов секілді көрнекті жазушыларды жанындай жақсы көріп, олардың шығармашылық талантына әділ баға беріп, шын тәнті болған. Бір ғана жазушы Асқар Сүлейменовтің немесе Әбіш Кекілбайұлының адамзат тарихына байланысты телегей-теніз білімдарлығын соншама сүйсініп, дәйектеп жазған дүниесі екі қайтара жазылмайтын туындай дер едік. Сондай-ақ өзі жас кезінен барлық дерлік таңғажайып кітаптарын қазакша мөлдіретіп аударған Шыңғыс Айтматовты дара жазушы ғана емес, көріпкел жазушы деп бағалайды. Мұстай Көрім секілді бауырлас елдердегі классик қаламгерлердің суреткерлік сыр-сипаты туралы да керемет мақалалар жазғаны өз алдына, бұл кісінің де үйрену мен ойласа алуына әсері аз тимеген. Талантты жастар шығармашылығы жайында да жазбалары көп. Бұл уақыт таба бермейтін жауапты да лауазымды қызмет пен тынымсыз қаламгерлікті қатар ұстаған адам үшін аса оңай соқпайды. Әсіресе, жазушы жазбаларында атакты

академик Көрім Мыңбаевтай қазақтың біртуар ғалымының Мойынқұм мен Бетпақдаланы суландырып, игеру жөніндегі бастамасының өміршендігін айтып, алайда елінің келешегі үшін жанын салып қызмет еткен атакты адамның белгісіз жағдайда апатқа ұшырағаннан кейін бұл бағытта ғылыми ізденіс мүлдем тоқтап қалғанына өкініш білдірген ойларын жиі оқуға болады. Абыройлы да адал азаматтармен, ерен тұлғалармен де, өзінің үзегілерестерімен де, жас толқымен де іні-аға болып сырласты. Шераға, қарап тұрсаң, тағдыр қиыншылығының көкесін көрген шығар, оған мойымаған, қайғы шеккен халқының мұң-зарын жүрегінен өткізген адамның көңілінен де, тілінен де не төгілер еді? Жалаң тарих көркем шығарма болмайды. Тарихқа жан бітіру керек. «Қызыл жебе» романы арқылы қазақ тарихындағы ақтандар мен ауыр зардаптарды қайта тірілтіп, құбылмалы уақытқа еш мойынұсынбайтын Тұрар Рысқұлов туралы бес кітапқа ширек ғасыр өмірін арнаған Шераға сол кезде Олақ бойынша қоғам қайта құру саясаты желпіндірген 85-жылдардың жылымығында «Сталинге хат» және «Бесеудің хаты» деген пьесаларын жазып, ұлттық драматургияда жаңа сілкініс, тақырыптық бетбұрыс жасады. Мұндай шырғаланы көп тарихи тақырыпта, сталиншіл жүйенің сойқандарын жария етуге батылы жеткен жазушының өзі де батыр болуы керек еді. Қазақтың белгілі жазушысы Қ.Жұмалилов айтқанындай, ол шын мәнінде табанды, батыр редактор әрі сол кеңес заманында өмір сүрсе де, саяси қуғын-сүргіннің салдарынан әкесінен айырылып, жүрегі тас боп қатқан шығар, сол іштей ыза-ренішін сыртқа шығаруды шығармашылық құдіретімен орындады деп ойлаймыз. Шерағаның кітаптары ішінде «Қызыл жебе» романының жолы ауыр болды. Бұл жөнінде өзінің тауы шағылып айтқан жері жоқ. Десек те, әдебиетшілер жағы мұны жақсы біледі. Сын шын болса, мақұл ғой. Жоқ, сол баяғы көре алмаушылық пен қызғаныштың кесірі кейбіреулердің өзін ынғайсыз жағдайға қалдырған. Сирек жазса да салмақты, терен ой айтатын заманымыздың суреткері Ғабит Мүсіреповтің бұл кітап жайында көлемді рецензия жазып, талантты жазушының кезекті көркем шығармасының тарихи-әдеби мәнін аса жоғары бағалаған. Қазақ әдебиеті үшін оң олжа, шығармашылық табыс екенін айтқан. Шераға өзінің «Тұлпардың тұяғы» деген жазбасында Тахауи Ахтановтың атакты қаһарман Бауыржан Момышұлы дүниеден қайтқанда қабір басында жан-дүниесін ақтара хас шешендігі есселей ашылып: «Бауыржан Момышұлы — мына нокталы дүниесе ноктаға басы сыймай кеткен адам!» деді. Тахауи өзі де сондай еді-ау» деп жазалды. Баукеннің сом тұлғасы жайында жазушының «Ноктаға басы сыймаған» пьесасының жазылуының қайдан бастау алғаны — дәл айтылған бір ауыз сөздің құдіреті емес пе? Өзі де айталды оны: «Таланттар раушан гүлі сияқты: жан-жағына жұпар шашады, көңіл ашады. Тікені — азабы өзіне. Талантсыздар шошқа тікен сияқты. Гүлдемейді. Азабы — өзгеге. Жамандық солардан».

Әдебиет өлеміне алғашқы қадамын 1955 жылы оқу бітіріп, қазақтың көркем әдебиет баспасына қызметке келіп бастаған жас редактор Сейфолла Оспанов, Ғафу Қайырбеков, Қасым Қайсенов, Берқапыр Аманшин, Әбілқәрім Ахметов, Сәуірбек Бакбергенов, Амантай Байтанаев секілді кілең сайдың тасындай тарландардың жатысынбай, жандарына алғанын сүйіспеншілікпен еске алып, жазады. Жақсылық пен аялы қамқорлық ұлытардың да өмірінде ең айшықты, ең ұмтылмайтын шақ болды, жүректерде жаңғырып, зейін-зердеде сақталып тұрады. Ал егемендіктің елең-алаңында Халық жазушысы өзінің құрдасы, азаматтық өмірде айырылмас досы, белгілі мемлекет қайраткері Камал Смайыловпен «Егемен Қазақстан»



бетінде жыл бойы жазысқан хаттары халықтың көкейіндегі ең зәру, ең өзекті мәселелерді ашық және батыл қозғап, қоғамдағы кемшіліктер мен олқылықтарды өткір сынға алған көзқарастары ұлттық баспасөз тарихында айтулы кезең әрі екі үзенгі достың туған елі алдындағы азаматтық парызын адалдықпен бірлесіп, үндесіп қарудың жарқын үлгісі және қаламгерлік ерлік болып саналады.

Біз бұл жазбамызда қалын қазақтың қадірлісі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, жұртына пана болған тарихи тұлға, басына бақ қонған қаламгер Шерхан Мұртаза ағамыздың үлкен өмірде жолын ашқан, көп жағдайға себепкер болған ірі тұлғалар мен өзі ардақтап өткен адамдар туралы арнайы сөздер мен ұшқыр ойларын ұмытылмас, оқиғалы сөттермен сабақтастырып, оның ғибатын айтқанды жөн санадық. Заман үрдісіндегі стильмен жазылған «Бір көм дүние» кітабындағы қысқа қайырымдар мен оймақтай ойлар, нақышты новеллалар тұнып тұрған өмірдің өзі десек, қайраткер жазушының 90 жылдығына орай оның көп қырлы, күрделі және тау тұлғалы болмысын тапқырлықпен танытатын талай дүние жазылары анық. Хас талантты танудың өзі де дүйім дүние төрізді...

Мейрамбек ТӨЛЕПБЕРГЕН,
Парламент Мәжілісінің депутаты,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері



ҚАААМ



БӘРИНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА

Jas qazaq газеті мен Chevron компаниясының бірлескен жобасы



Жобаның мақсаты – ерекше жандарды журналистика жанрларын меңгеріп, сауатты жазуға бейімдеу. Қазір журналистикаға құмар жандар компьютерлік сауаттылық, мерзімді баспасөз және тележурналистика бойынша дәріс алып, тәжірибесін шыңдап жатыр. Сонымен қатар қатысушыларымыз өлге танымал өнер жұлдыздары, спорт саңақтарымен лебіздесіп, журналистиканың сұхбат жанрын меңгеруде.

Курсқа қатысушы Эльмира Оразбақова әйгілі қақпашы Құралбек Ордабаевпен әңгімелесіп, даңқты футболшының балалық шағына саяхат жасады.



— Құралбек аға, айдарымызға орай қойып отырамын. Егер сіз спорт саласын оның ішінде футболды таңдамағанда қандай мамандық иесі атанар едіңіз? — Бұл сұрақты маған жиі қояды. Тіпті үйде бала-шағамызбен отырғанда әңгіме



— Біздің балалық шағымызда қазіргідей смартфон, компьютер, планшет деген технологияның озық үлгісі болған жоқ. Көрші-қоланның балалары жиналып алып, асық ойнаймыз, ләнгі тебеміз, аулада шаңды



Бір қызығы, біздің елде не көп, Ақжар деп аталатын ауыл көп. Сондықтан сіздерге бүгін қай Ақжарда болған оқиғаны баяндайын деп отырғанымды нақты айтып өткенімнің артығы бола қоймас.

Інімнің туған күні

Иә-ә, казак атам Нұх пайғамбардың кемесі тоқтаған дей-тұғын киелі Қазығұрт тауы мен ежелден-ақ әнге, жырға арқау болған Арыс өзенінің аралығында шамамен екі жүз шақырымға созылатын шөлейт дала бар. Біз әңгіме еткелі отырған Ақжар, міне, осы даланың төсінде орналасқан. Бір кездері ол ауыл озат шаруашылық атанып, дүркіреп тұрған Шанақ совхозының бір бөлімшесі еді. Ал қазір, жаңылмасам, өз алдына бір округ. Өзімнен кейінгі інім дүниеге келген жылы біз осы ауылда тұратынбыз. Сол күні, нақтысын айтсам, 1972 жылдың 14 тамызында біздің ауылға Жетісай аудандық халық театры өнер көрсетуге келе қалды. Театр репертуарында көрнекті жазушы, драматург Тахауи Ахтановтың «Махаббат мұны» атты драмасы бар екен. Ақжарлықтар осы дүниені тамашалау бақытына ие болды. Алғашқыда спектакль көруге келген жұрт ауылдағы кішкентай клубқа сыймай, сыртта иіріліп тұрып қалғандықтан, өртістер жергілікті

«Апыр-ау, мұнысы несі? Спектакльді тоқтатып, осылай айқай салуға бола ма екен? Бұл ойын енді немен бітеді?» дейміз іштей таңғалып. Сәлден соң: — Жо-оқ! — деп үн қатты көрермендердің біреуі мойнын созып. — Ол баланың шешесі перзентханада жатыр. Үй-іші Құдайдан ұл тілеп отыр. Бір сәтке өз рөлін ұмытып, қып-қызыл боп ашуланып тұрған актер енді бұдан еш қайран болмасын түсінгендей: — Әй-и! — деп қолын бір сілтеді де, сахнадағы әріптесіне қарай бұрылып, ойынды жалғастыра берді. Тап осы сәтте кеңсе жакта әлдеқандай бір жұмыспен бөгеліп қалған біреу енгітіп жүгіріп келіп: — Балтекен бар ма? — деп айқай салды. — Иә, бар! — Отыр ғой ортамызда, — деген дауыстар естілді.



басшылықпен ақылдаса келе, декорацияны сегіз жылдық мектептің алдындағы ашық алаңға құратын болып келісті. Сөйтіп, біз — балалар орындық тасып, үлкен кісілерге қолғабыс еттік. Орындық жетпей қалғандар, амал жоқ, түрегеп тұрды. Ал сахна, декорация дегеніміз, бар болғаны, бір шымылдық, бір үстел және екі орындық қана болып шықты. Бірақ, соған қарамай, «ойын» көруге бүкіл ауыл тайлы-таяғымызбен жиналды. Тек менің шешем ғана келе алмады. Өйткені ол кісі Ақжардан жиырма-жиырма бес шақырым жердегі үлкен совхоздың орталығы — Монтайтас ауылындағы перзентханада жатқан болатын. Ал әкем жарықтық алпамсадай ірі кісі әрі осы бөлімшенің меңгерушісі, менен кейінгі үйелменді-сүйелменді төрт қарындасымның ең кішісін қолына көтеріп, қалған үшеуін соңынан ертіп, балапандарын шұбыртқан ата қаздай балпаңдап келіп, көрермендердің нақ ортасына жайғасты. Өне, сөйтіп, спектакль басталып та кетті. Әуелде бірін-бірі шын сүйетін сияқты көрінген екі ғашықтың хикаясы бірте-бірте шиеленісе түсті. Көрермен қауым қап-қара шашын жылжитып артына қарай қайырған, көзі дөп-дөңгелек, ақын образындағы актердан іш жиып, қауіптеніңкіреп қалды. Жап-жас қызды алдап, басын босқа қатырып жүрген секілді...

Не түсініп отырғанын кім білсін, бір кезде әкемнің алдында отырған кішкентай қарындасым қыңқылдап жылай бастады. Әсіресе, жаңағы Нияз ақынның образын сомдап жүрген актер сахнаға шыкса болды, шар ете қалады. Әкем жуан даусымен әлдилеп жұбатқан болады. Жан-жақтағы жаны ашыған келіншектер қолын созып: «Көне, маған беріңізші. Мен алдыма алып отырайын» десе, олардан шошып, құбыжық көргендей бақырып, даусын одан сайын үдете түседі. Әкемнің шекесі шып-шып тершіп, ыңғайсызданып-ақ отыр. Орыннан тұрып кетейін десе, оның да ретін таппайды. Айналасындағы жұрт жапырыла түрегеліп, жол беруі керек. Кенет әлгі жағымсыз рөлдегі актер шыдай алмай кетті-ау деймін, сахнадағы сөзін кілт үзіп, әкем отырған жакқа шаншыла қарап: «Әй, ана баланың шешесі бар ма, жоқ па?» — деп айқай салды. Жұрт сілтідей тынды. Тіпті бақырып жылап отырған қарындасым да тып-тыныш боп, тыйла қалды.

— Олай болса, сүйінші! — деді әлгі кісі. — Тұрсын апай ұл тауыпты! Осы сөздің айтылуы-ақ мұң екен, жаңа ғана сахнадағы жас қыздың тағдырына алаңдап, уайымдап тұрған көрермендер күрт серпіліп: — Оу, Балтеке, құтты болсын! — Ұлды бопсыз, той жасайсыз! — деп дүрлігіп кетті. Спектакль де, әртістер де жайына қалды. Ары-беріден соң, енді не істерін білмей тұрған олар да сахнадан секіріп түсіп, көпшілікпен араласып, әкемді құттықтап, қолын қысып жатты. Әрине, бұл біздің отбасымыз үшін үлкен қуаныш еді. Өйткені тұңғыш немересі ұл болып, одан кейін бірінен соң бірі тізіліп төрт қыз дүниеге келген соң, әкем жарықтық: «Әкесі жалғыз еді. Енді немерем де еркек кіндіктіден жалғыз болып қала ма?!» — деп шындап уайымдай бастаған. Сол күні біздің үйде қой сойылды. Ауылдағы келіншектердің бірі ошакқа от жағып, бірі қазанға ет салып, енді бірі қамыр илеп, үлкен дастархан жайды. Көрермендер мен актерлар бірге тамақтанып, әзіл-қалжыңға тізгін берді. Осындай бір көңілді сәттерде көрермендердің біреуі: — Әй, сонымен «Махаббат мұны» немен бітті? — деп сұрап қалды. — Әлгі ақымақ боп, адасқан ақынның жайы не болды? Қап-қара шашын жылжитып артына қарай қайырған ақынның рөліндегі актер оларға көзін әдейі алақ-жұлақ еткізе қарап: — Өкініп қалды ғой! — деді даусын көтеріп. Жұрт болса, қыран-топан күліп жатыр.

Міне, содан бері де жарты ғасыр өтіпті арада. Біздің ауылға театр келген күні шыр етіп дүние есігін ашқан інім биыл ердің жасы — елуге толды. Сондықтан да ұзақ жылдар бойы Оңтүстік Қазақстан облыстық ішкі істер департаментінің полиция қызметінде еңбек етіп, «Ішкі істер министрлігінің үздік қызметкері», Қазақстан Халықтары ассамблеясының «Мейірім» медальдарымен марапатталып, құрметті демалысқа шыққан полиция подполковнигі Нұрлан Балтақараұлы Оразовты туған күнімен құттықтап қоюға рұқсат етіңіздер, қадірлі оқырман!

Нұрғали ОРАЗ

«Аулада шаңды бұрқыратып, доп теуіп өстік»

осы мамандыққа қатысты өрбігенде де «футболшы атанбағаныңызда кім болар едіңіз» дегенге тіреледі. Ең алдымен, Жаратқанға осындай тағдыр сыйлағанына мың да бір шүкіршілік етемін. Өзім 11 жасымнан футболды серік еттім, ерекше әуес болып өстім. 1969 жылы Шымкент қаласындағы халық шаруашылығы институтына оқуға түстім. Егер мен футболдың соңынан қуып, кәсіби түрде шұғылданбасам, институтты тәмамдап басқа салада еңбек етуім де мүмкін

доп тебеміз, өзімізден үш-төрт жас үлкен көршінің балалары бізге бағыт-бағдар береді. Солардан допты қалай түзу ұшыруға болатынын үйренеміз. Міне, осы ауладағы футбол ойыны менің де ішкі інкәрлігімді оятты десем де болады. — Футбол — жаракатқа жиі шалдықтыратын спорт. Қақпашының жаракат алуы да әркез орын алады. — Дұрыс айтасын, мені 1970 жылы Алматының «Қайрат» футбол клубына қақпашы қызметіне шақырды.

бұрқыратып футболдың көрігін қыздырамыз. Біздің куміріміз ата-анамыз еді. Солардың айтқанын тыңдап, сол кісілердің бағыт-бағдарымен жүрдік. Анамыз бір істі тапсырғанда «өкелерін жұмыстан келгенше тиянақтап атқарыңдар» деп тапсырады. Үлкендерден мақтау сөз естісек екен деп үйдің шаруасын алдымен атқаратынбыз. Отбасымызда 4 ұл, екі қыз болдық. Бауырларым да футбол ойнады, араларынан кәсіби деңгейде соңына түсіп қуған өзім болдым.

— Оқушы кезіңіздегі қызықты оқиғаларыңыз есіңізде ме? — Мен Шымкент қаласындағы №26 қазақ мектебінде оқыдым. Үйімізден 2 шақырымдай шалғайда. Сабактан қайтқанда үйге қарай құстай ұшпай, футбол ойнаймыз. Есімде қалғаны, сабактан төмен баға алсақ, ұстаздар сынып жиналысына ата-анамызды шақырталды. Көбіне төмен баға алғаннан кейін жиналысқа әкемді шақыртпауға тырысушы едім. Анамыз аса қаталдау болмағанымен, әкеміз сабак үлгеріміз төмен болса, «шаңымызды қағып алатын» (құяді).

— Жас ұрпаққа қандай тілек айтасыз? — Жас ұрпақ өзінің тегін жете білуі тиіс. Бүгінгі заманның бас талабы — білімді болу. Әркім өзінің құптаған мамандығының шыңына шығуға ұмтылғаны дұрыс. Қолдағы смартфонды оңтайлы қолданып, білім жинау жолында көбірек пайдаланса деймін. — Әңгімеңізге рахмет!

Эльмира ОРАЗБАКОВА



еді. Дегенмен де ес білгеннен ала допқа деген әуестігім алабөтен болғандықтан да шығар, басқа мамандық иесі болам, өзге салада өзімді сынап көремін деген ой болған емес. — Ал осы футболға деген әуестігіңізді оятқан кім, кімдерге еліктеп доп ойнауға құмарттыңыз? — Шымкент қаласындағы ата-анамыз тұрған үйдің қарсысында атшаптырым аумақты алып жатқан бау-бақша бар еді. Оның арғы жағы теп-тегіс алаңқай. Қаланың шетінде орналасқандықтан, көршілердің көпшілігі мал ұстайды. Кешкісін өрістен қайтқан төрт-түлігімізді қайырып үйге айдап келуге шығамыз. Мал келгенше бақшаның ішіндегі көленкеде

Содан бастап тұрақты түрде 10 жыл ойнадым. 1974 жылы сол кездегі Ленинград, қазіргі Санкт-Петербург қаласының «Зенит» командасын Алматыда қабылдадық. Ойын кезінде шабуылшымен бетпе-бет ұшырасып, қақпаға гол соқпасын деп допты секіріп барып, қағамын дегенімде қарсылас жақтың шабуылшысы допты емес, менін оң көзімнен тепті. Аяқ киімінің табанындағы темірі қабағымды қақ айырып жіберді. Саулаған қанды сүртіп, көзімді ашсам, аман екен. Бірақ сол жолғы жаракаттың тыртығы қалып қойды. Ал егер сол кезде көзімнен жаракаттанғанда кәсіби мансабымды жалғастыра алмас едім. — Балалық шағыңызда кімге еліктеп есейдіңіз?

Бас редактор — директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОҚСАНБАЙ—
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 701 312 39 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы
(8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ —
Шымкент қаласы (8 776 238 55 94)

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалалық көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс — № 1086;
Бағасы келісім бойынша

Таралымы — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «AirAstana» әуекомпаниясы ұшақтарында бар.

Jas qazaq газеті «Қараған», «Хорошие новости плюс» және КОК TENGRI дүңгіршіктерінде сатылады

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.